



МАҢЫЗДЫ ТРАНСУЛТТЫҚ ЖОБА

«Орта Азия – Орталық»
магистральды газ
құбыры іске қосылды

2



ИЗРАИЛЬ-ПАЛЕСТИНА: ҚАЙТА ТҮТАНҒАН ОТ қақтығыс астарына үңілсек...

4-5



ТҮЛПАРЛАР ҚЫР ТӨСІНДЕ ДҮБІР ҚАҚСА...

Алматыда тұңғыш рет
Ұлы аламан бәйге өтті

7


Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №120 (6413) 10 қазан, сәуірсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

Әлемдік және дәстүрлі діндер съезі:

ЖАҢАНДЫҚ ДИАЛОГ АЛАҢЫ



Әлемдік және
дәстүрлі діндер съезі
бастауын 2003 жылдан
алады. Әр 3 жыл сайын
бас қала – Астанада
жаһандық деңгейдегі
мәселеде діннің рөлі
талқыланады.
2025 жылы кезекті VIII
съезд өтпек.

Ертең, 2023 жылғы 11 қазанда Астанада ҚР
Парламенті Сенатының спикері – Әлемдік және
дәстүрлі діндер лидерлері съезі Хатшылығының
Басшысы Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен
Хатшылықтың XXI отырысы өтеді.

Алқалы жиында Қазақстан Республикасының Президенті
Қасым-Жомарт Тоқаевтың VII съезде бастамашылық жасаған
«Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің 2023–2033 жыл-
дарға арналған даму тұжырымдамасын» талқылау және қабылдау
жоспарлануда. Хатшылық жұмысына ислам, христиан, буддизм
және иудаизм діндерінің ең беделді өкілдері, сондай-ақ әлемнің
24 елінен халықаралық ұйымдардың саяси қайраткерлері мен
өкілдері қатыспақ.

Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

5

АЛМАТЫДА АЗЫҚ-ТҮЛІК АРЗАНДАДЫ

Алматы қаласы Кәсіпкерлік
және инвестициялар
басқармасының мәліметінше,
2023 жылдың 9 айында әлеуметтік
маңызы бар азық-түлік
тауарларының (мәселен,
қарақұмық жармасы (41,7%),
күнбағыс майы (24,1%), қант
(12,1%), картоп (8,9%), пияз (4,5%),
ұнның (2%) бағасы төмендеді.

**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз
ету мақсатында қалада «Форвардтық са-
тып алу» бойынша көкөністер, жұмыртқа,
сиыр еті және әлеуметтік нан жеткізу тура-
лы келісім-шартқа қол қойылды.

Биыл 1 қыркүйектен бастап «Магnum»
сауда желісінде осы көктемде Алматы,
Қарағанды және Павлодар облыстарының
фермерлерінен сатып алынған 20 мың тон-
на көкөніс сатылады. Бұған қоса, Алматы,
Түркістан, Жамбыл, Павлодар, Қарағанды
облыстарының тауар өндірушілерімен
азық-түлік тауарларын тікелей жеткізу бо-
йынша меморандумдар мен келісімдерге
қол қойылды. Мысалы, Жамбыл облысы-
ның фермерлерімен 1 мың тонна пияз
жеткізу бойынша меморандумға қол қо-
йылды.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«Азық-түлік корпорациясы» ҰК» АҚ
қорларынан нан бағасын тұрақтандыру
үшін қаланың негізгі ұн тарту кәсіпорын-
дарына 9,4 мың тонна астық жеткізу пы-
сықталды.

Бұған қоса, қаланың сауда
желілерінде белгіленген,
төмендетілген бағамен «Көксу
қант зауытында» сатып алынған
3 мың тонна қант және
Қызылорда облысынан
өндірушілерден сатып алынған
1 мың тонна күріш сатылады.

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

10.10.2023

Түнде:

+11+13 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+23+25 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

11.10.2023

Түнде:

+13+15 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+25+27 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz





● ПРЕЗИДЕНТ

ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Мемлекет басшысы Ішкі істер министрі
Ержан Сәденовті қабылдады



Қасым-Жомарт Тоқаевқа еліміз бойынша кісі өлтіру, бұзақылық, ұрлық, қарақшылық, тонау және мал ұрлығына қатысты қылмыстар санының айтарлықтай төмендеуіне ықпал еткен алдын алу шаралары туралы мәлімет берілді. Құқық бұзушылықтарға «мүлде төзбеушілік» және жазаның бұлтартпастығы, кәметке толмағандардың құқығын қорғау және интернет-алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде баяндалды. Көшелердегі қауіпсіздік деңгейінің артқаны атап өтілді.

Ержан Сәденовтің айтуынша, жыл басынан бері ауыспалы нөмірлерден шалынған 37 миллион қоңырау бұғатталып, заңға

қайшы контенті бар 16 мың сайт анықталған.

Мемлекет басшысына Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне

қарсы күрес жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспардың іске асырылуы туралы ақпарат берілді. Министрдің айтуынша, 31 тоннадан астам есірткі және 79 тонна прекурсор тәркіленіп, 39 есірткі зертханасын жойылған.

Сонымен қатар, Президентке қылмыстық-атқару жүйесі мен Ұлттық ұлан қызметінің қазіргі жай-күйі туралы айтылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін одан әрі арттыруға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

Президент Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Әлимановты қабылдады.

Мемлекет басшысына Қаржылық мониторинг агенттігінің биылғы 9 айда атқарған жұмыстарының нәтижесі және алдағы уақытқа арналған жоспары туралы баяндалды. Жыл басынан бері мемлекетке жалпы сомасы 217 миллиард теңге болатын активтер қайтарылғаны, сондай-ақ көлеңкелі экономиканың деңгейі 18,7 пайызға дейін төмендегені жөнінде мәлімет берілді.

АДАЛ БИЗНЕС ҚОРҒАЛАДЫ

Қаржы және экономикалық қылмыстарға қарсы күрес шаралары күшейтіледі

Сонымен қатар, Жанат Әлиманов құқық қорғау органдарына 229 талдау материалы жолданғанын, есірткі сатушылардың қаржылық операцияларын бұғаттау тәжірибесі жолға қойылғанын айтты. Бұл жұмыс азаматтарды, әсіресе жастарды, есірткіні онлайн сатып алу-дан сақтайды. Оның айтуынша, есірткінің заңсыз айналымынан түсетін кірістерді жылыстату үшін пайдаланылған 924 банктік шот бұғатталған. Кriptoактивтерді пайдалана отырып жасалатын экономикалық қылмыстарға қарсы іс-қимыл жөніндегі арнайы бөлімше құрылған. Кripto-әмияндарға тыйым салу және цифрлық валютаны алып қою тетігі әзірленген. Заңсыз 9 крипто алмастырғыштың қызметі жойылған. Ондағы қаржы айналымы 17 миллиард теңгеден асқан.

Президентке Қазақстанда алғаш рет криптовалюта арқылы қылмыстық жолмен тапқан 47 миллион теңге табыс тәркіленіп, Агенттіктің Binance криптобиржасындағы арнайы шотына салынғаны жөнінде баяндалды. Бұдан бөлек, террористік және экстремистік ұйымдардың шоттарына қаражат аударуды көздеген 976 әрекет анықталып, бұғатталған. Экономикалық құқық бұзушылықтардың кейбір белгілері бойынша қылмыстық қудалауды жеңілдету (декриминализация) туралы ұсыныстар енгізіл-

- Жыл басынан бері елге 217 миллиард теңгенің активі қайтарылды.
- Есірткінің заңсыз айналымынан түсетін кірістерді жылыстату үшін пайдаланылған 924 банктік шот бұғатталған.
- Қазақстанда алғаш рет криптовалюта арқылы қылмыстық жолмен тапқан 47 миллион теңге табыс тәркіленді.
- Террористік және экстремистік ұйымдардың шоттарына қаражат аударуды көздеген 976 әрекет анықталып, бұғатталған.

ген. Бұл кәсіпкерлерді қорғау шараларын күшейтуге мүмкіндік береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Агенттік қызметінің негізгі бағыттары бойынша бірқатар нақты тапсырма берді. Мемлекет басшысы адал бизнесті қорғау, қаржы және экономикалық қылмыстарға қарсы күрес шараларын күшейту қажет екенін ерекше атап өтті.

● ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

МАҢЫЗДЫ ТРАНСҰЛТТЫҚ ЖОБА

«Орта Азия – Орталық» магистральды газ құбыры іске қосылды



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресей Федерациясына жұмыс сапары аясында «Орта Азия – Орталық» магистральды газ құбырымен Ресейдің табиғи газын Қазақстан аумағы арқылы Өзбекстанға тасымалдау жобасын іске қосу рәсімі өтті.

Салтанатты іс-шараға Мемлекет басшысымен қатар Ресей Президенті Владимир Путин және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде бұл тарихи оқиға Қазақстан, Ресей және Өзбекстанның энергетика саласындағы стратегиялық ынтымақтастығын мүлде жаңа деңгейге көтеретінін және елдер арасындағы тату көршілік қатынастар жылынасының тағы бір жарқын бетін ашатынын атап

өтті. Жоба Орталық Азия аймағындағы тұрақтылық пен энергетикалық қауіпсіздікті нығайту ісінде елеулі рөл атқарады.

– Газ саласы мемлекеттеріміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуында зор рөл атқарады деуге болады. Сондықтан бұл жоба барлық қатысушы тараптың мүддесіне сай келеді. Қазақстан өз аумағында магистральды газ құбырын дайындауды уақытылы және толық аяқтады. Жоба Ресей газының

экспортқа шығу бағыттарын әртараптандырып, Қазақстанның газ тасымалдау инфрақұрылымын кеңейтуге және жаңғыртуға септігін тигізеді. Сондай-ақ, Өзбекстанның жылына 3 миллиард текше метрге дейін жететін және жылдан-жылға артып келе жатқан табиғи газға деген қажеттілігін өтеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол елдеріміздің өнеркәсібін дамытуға, бизнес-ахуалды жақсартуға, азаматтардың тұрмыс деңгейін арттыруға тың серпін береді. Қазақстан өзінің транзиттік әлеуетін толық пайдалануға мүдделі және Ресей газын тасымалдау көлемін одан әрі ұлғайтуға дайын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ресей газын еліміздің аумағы арқылы Өзбекстан Республика-

Жылына 255 миллиард текше метрге дейін газ тасымалдай алатын магистральды газ құбырының 20 мың шақырымнан астам бөлігі еліміздің аумағы арқылы өтеді.

сына тасымалдау жобасын іске қосу рәсімінен кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин келіссөз жүргізді. Мемлекеттер басшылары екі елдің стратегиялық серіктестігінің қазіргі жай-күйі мен қатынастарды одан әрі нығайту перспективаларын талқылады. Сондай-ақ, сауда-экономика, энергетика, көлік-логисти-

ка және басқа да салалардағы ықпалдастықты жалғастыру маңызды екенін атап өтті.

– Сіздің Мәскеуге жасаған сапарыңыз – айтулы оқиға. Арнайы келгеніңіз, сондай-ақ бүгін таныстырылған жобаны бірге іске асырғанымыз үшін Сізге ризашылығымды білдіремін. Әрине, бұл бастамасы ғана деп ойлаймын. Әйтсе де, жалпы аймақтың энергетика саласындағы ынтымақтастығына бағытталған алғашқы әрі аса маңызды қадам. Бірлесе атқаратын жұмыс көп. Барлық бағыт бойынша қатынастарымыз жақсы дамуда. Бұл үшін Сізге алғыс айтқым келеді, – деді Владимир Путин.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).



ҮКІМЕТТЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

ЖАҢА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

перспективалары талқыланды



Премьер-министр Әлихан Смайылов пен Eren Holding басшысы Ахмет Ерен Қазақстан экономикасының түрлі салаларында жаңа инвестициялық жобаларды іске қосу перспективаларын талқылады.

Әлихан Смайылов Үкімет аталған холдингінің республика аумағындағы жобаларға инвестиция салу ниетін жоғары бағалайтынын атап өтті. Оның айтуынша, бүгінде елімізде түрік капиталының қатысуымен 4 мыңнан астам компания жұмыс істейді. Атап айтқанда, тау-кен металлургия кешені, инфрақұрылым, тамақ өнеркәсібі және фармацевтика сияқты салаларда жобалар іске қосылды. «Екі ел арасындағы қалыптасқан орнықты сенім деңгейі мен ынтымақтастыққа деген ортақ ұлтымыз бізге жаңа перспективалар ашуға мүмкіндік береді», – деді Премьер-министр.

Үкімет басшысы атап өткендей,

бүгінде елімізде инвесторлар үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған және заманауи институционалдық орта қалыптасқан. Атап айтқанда, басым салалардағы жобаларды жүзеге асыру аясында кедендік төлемдерден босату, түрлі салық жеңілдіктері, салық заңнамасының тұрақтылығына кепілдіктер және т.б. қарастырылған.

Eren Holding басшысы тиісті инвестициялық шешімдер қабылдау үшін холдингінің Қазақстанда әлеуетті жобаларды зерделеуге дайын екенін айтты.

«Біз өндірісті кеңейтеміз және инвестициялық жаңа мүмкіндіктерді қарастырып жатырмыз. Бұл қағаз өндірісі, энергетика және тоқыма өнеркәсібі сияқты салалар болуы мүмкін. Біз тау-кен металлургия кешеніне де инвестиция салуға дайынбыз. Бұл ретте жұмыстың жоғары сапасына қол жеткізуге мүмкіндік беретін технологиялар бар. Сондықтан инвестиция мәселелерін бірлесіп қарастырығымыз келеді», – деді Ахмет Ерен.

Кездесу нәтижесінде Қазақстан аумағында әлеуетті инвестициялық жобалар пулын пысықтау және барлық өзекті мәселелер бойынша белсенді диалогты қолдау туралы келісімге қол жеткізілді.

ҚОНЫС АУДАРУШЫ ОТБАСЫЛАР

экономикалық ұтқырлық сертификаттарын алды



Қазақстан Республикасының 2023–2027 жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасын іске асыру аясында биыл ішкі қоныс аударушылар үшін жаңа тетік – тұрғын үй сатып алу үшін материалдық көмек алуға мүмкіндік беретін экономикалық ұтқырлық сертификаты енгізілді.

Бүгінгі таңда сертификаттар 583 отбасына берілді, деп хабарлады ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Сертификат арқылы бір рет өтеусіз және қайтарымсыз негізде тұрғын үй құнының 50%-ы немесе бір отбасына 4 млн теңгеге дейін беріледі.

Материалдық көмек Ұлттық банк бекіткен ипотекалық бағдарлама және (немесе) Үкімет бекіткен мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй сатып алу кезінде тұрғын үй сатып алу, салу үшін немесе ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін жергілікті атқарушы органның ақшалай міндеттемесі нысанында ұсынылады.

Тұрғын үйді меншікке сатып алу үшін сертификат алдын ала шарт немесе тұрғын үйді сатып алу-сату шарты болған кезде беріледі.

Тұрғын үй салу кезінде сертификат ҚР Жер және басқа да заңнамаларына сәйкес жеке тұр-

ғын үйлер салу үшін меншігінде жер учаскелерінің болуын ескере отырып беріледі.

Сертификатты тұрғын үй сатып алу кезінде бастапқы жарнаның бір бөлігі ретінде пайдалану үшін екінші деңгейдегі банктен тұрғын үй қарызын беруді мақұлдау туралы хат ұсыну қажет. Бұл ретте экономикалық ұтқырлық сертификаты келу өңіріндегі тұрақты тұратын елді мекенде ғана тұрғын үй сатып алу үшін беріледі.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қоныс аударушыларға экономикалық ұтқырлық сертификатынан басқа, «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы шеңберінде мемлекеттік қолдаудың мынадай шаралары ұсынылады:

1) **Көшуге арналған субсидия – бір уақытта отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК мөлшерінде;**

2) **Тұрғын үй жалдауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге арналған субсидия – ай сайын, 12 ай ішінде отбасы мүшелерінің санына және елді мекенге байланысты 15-тен 30 АЕК-ке дейінгі мөлшерде;**

3) **Өңіраралық қоныс аударуға жәрдем көрсететін жұмыс берушіге кемінде 2 жыл мерзіммен тұрақты жұмысқа орналасу және тұрғын үймен қамтамасыз ету шартымен әрбір қабылданған қызметкер үшін 400 АЕК мөлшерінде жұмысқа орналасуға біржолғы субсидия беріледі;**

4) **Қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға жолдама;**

5) **Жұмысқа орналасуға немесе кәсіпкерлік бастаманы дамытуға жәрдемдесу.**

МИНИСТР

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ

дамудың кешенді шарасы

ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Орталық коммуникациялар қызметінің алаңындағы баспасөз конференциясында Қазақстан креативті индустрияны дамытуға басымдық беретінін айтты. Ол елімізде бұл саланы дамыту бойынша нақты шаралар қолға алынып жатқанын мәлім етті.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев экономика үшін аса қажетті креативті индустрияны қолға алуды осыдан бірнеше жыл бұрын айтқан. Қазір сол бастама ел игілігі үшін маңыздылығын көрсетіп отыр. Мәселен, Үкімет 2021–2025 жылдарға арналған Шығармашылық индустрияны дамыту тұжырымдамасын бекітіп, жүзеге асыруды бастады. Оған қатысты қызметтің 43 түрін белгіледі. Нәтижесінде ел бойынша 95 мың адам жұмыспен қамтылып, 32 мың кәсіпкердің жұмысы жанданды. Жақында шығармашылық жобалардың питчингтері, соның ішінде оқу семинарлары өткізілді. Оған 200-ден астам адам қатысты.

Біріккен Ұлттар Ұйымының баяндамасына сәйкес, шығармашылық және мәдени салалар қоғамымыздың инклюзивті және тұрақты дамуымызға айтарлықтай әсер береді. Азаматтардың әл-ауқатын арттыруға, өмір сүру сапасы мен өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға көп үлесін тигізеді. Сондықтан Мемлекет басшысы осы саланы ауқымды дамыту үшін барлық жағдай жасалу қажеттігін айтты. Ол өз Жолдауында шығармашылық индустрияны қолдау бойынша жеке шаралар кешенін әзірлеу, оның ішінде әрбір облыс орталығы мен ірі қалада шығармашылық индустрия орталықтарын қалыптастыру, қатысушыларға өз өнімдерін коммерцияландыру мәселелері бойынша көмек көрсету жөнінде нақты міндет қойды», – деді министр.



Медиа, мәдениет пен креативті сала жүйелі жұмыс атқаруға мүмкіндік береді

Елімізде, білім беру, сәулет және қала құрылысы, IT сынды салаларда 5-тен астам жоба қаржыландырылып, 70 млн теңгеден астам жеке инвестиция тартылған.

Креативті индустрияға тың серпін беру үшін бірқатар заңнамалық құжаттарға өзгерістер енгізу қарастырылып отыр. Ведомство өкілдері креативті индустрия өкілдерімен бірнеше кездесу өткізіп, ол кездесулерде саланы дамыту үшін институционалды инфрақұрылым мен мемлекет мүлкін пайдаланудың механизмдерін жасау жайы талқыланды. Бүгінде нәтижелі креативті хабтар жасақтау үшін өңірлерде креативті индустрияны қолдау жөніндегі іс-шаралар мен қолда бар инфрақұрылым туралы қажетті ақпаратты жинау жүзеге асырылып жатыр. Креативті индустрияның Қазақстан экономикасына қосқан үлесі 2025 жылы 5%-ға жетпек.

«Атқаратын жұмыс көп. Креативті

экономика дамып, өркендегенімен, біз оның даму барысын қазір ғана мемлекеттік деңгейде қарастырып, жеделдетуді қолға алдық. Осы уақытқа дейін креативті технологияларды дамыту есебінен отыз мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын құру жоспарланып отыр. Ал креативті индустриялар өнімдерінің экспорты екі жүз млн долларға дейін өседі», – деді Аида Балаева.

Министрдің сөзінше, креативті индустрия – біздің өңірлерімізді де, тұтастай алғанда елімізді де дамытудың кешенді шарасы. Ал медиа, мәдениет пен креативті саланы біріктіру кешенді және жүйелі жұмыс атқаруға мүмкіндік береді.

Баспасөз карталарын енгізу нені көздейді?

Басты міндет – осы бағытты дамыту жөніндегі қызметтің тиімділігін арттыру үшін барынша күш-жігер салу.

«Масс-медиа туралы» заңды жасау қажет болды. Өйткені, 1999 жылы қабылдан-

ған «БАҚ туралы» заң моральдық тұрғыдан ескірген. 20 жылдан астам уақыт ішінде ақпараттық сала толығымен өзгерді, заңға ондаған түзетулер енгізілді, бірақ нәтижесінде жаңа заң жобасын әзірлеу мәселесі туындады. Халықаралық тәжірибе зерттелген соң әзірленген заң жобасында түсініктер аппараты маңызды орын алады. Бұл медиа-кеңістікте жаңа коммуникация құралдарының, процестер мен терминдердің пайда болуынан туындаған қажеттілік», – деді министр.

Министрдің айтуынша, заң жобасы БАҚ сұрауларын қарау мерзімдерін қысқарту, шығармашылық гранттық қаржыландыруға көшу, БАҚ материалдарына талап қою мерзімін белгілеуді көздейді. Оған қоса, журналистердің құқығы туралы ұлттық баяндама жасау, баспасөз картасы арқылы аккредиттеуді жеңілдету жайы да бар. Бұл новеллалар заңнамалық жүйеге алғаш рет енгізілгенін атап өту маңызды.

«Баспасөз карталарын енгізуге қатысты айтар болсам, бұл тетік қолданыстағы аккредиттеуге балама ретінде әзірленіп жатыр. Бұл, ең алдымен, журналистердің мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылын жеңілдету үшін жасалады. Біз ақпараттық технологиялар дамуында өмір сүріп жатырмыз және оларды журналистердің игілігі үшін пайдалану қиынды. Сондай-ақ, ведомстваралық комиссия сатысында алынып тасталған ескіру туралы норма мемлекеттік органдармен бірлесе отырып заң жобасына қайта енгізілді. Ескіру мерзімін үш жыл қылу туралы айтылып отыр. Бірақ мен министр ретінде медиа қауымдастық ұсынған мерзім 1 жылды қолдаймын», – деп атап көрсетті Аида Балаева.

Бұдан басқа, «Масс-медиа туралы» заң жобасы аясында мемлекеттік тілде телерадиоарналардың хабар тарату көлемін 50%-дан 70%-ға дейін ұлғайту ұсынылады. Ал 50 де 50 балансы қолданыстағы «БАҚ туралы» заңға 1999 жылы енгізілген еді. 25 жылға жуық уақыт ішінде елдегі мемлекеттік тіл мен отандық контентті дамыту бағытындағы трендтер өзгерді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөздер: Primeminister.kz; ortcom.kz).



БӘРЕКЕЛДІ!

ЗАМАНАУИ ЖАТАҚХАНА

Алматыда тағы бір студенттер үйі бой көтереді

«Нархоз» университеті жайлылық пен экологиялық тазалыққа баса назар аудара отырып, өз студенттері үшін жаңа форматтағы жатақхана салуды бастады.

Ернұр
РЫСБАЙ

Өткен аптада аталмыш жоғары оқу орнының студенттеріне арнап салынатын жаңа жатақхананың орнына ескерткіш тас қалау рәсімі өтті. Салтанатты іс-шараға Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Нұрбек Саясат, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, Әуезов ауданының әкімі Абзал Егембердиев қатысты.

– Мектеп бітіруші түлектердің қатары жыл сайын көбейіп, жаңа жатақханаларға деген қажеттілік өзекті бола түсуде. Биыл мен еліміздің барлық өңірлеріндегі жатақханаларға арнайы барып, аралап, көріп шықтым. Олардың арасында «Нархоз» да бар. Аталмыш жоғары оқу орны қаладан тыс елді мекендерден келген студенттерді баспа-намен қамтамасыз ету міндетін ойдағыдай атқарып жатқанын атап өткім келеді.

Алдағы уақытта да осы жоғары стандарт сақталып, жаңа жатақхана студенттеріміз үшін жаңа ғылыми идеялардың, жобалардың, жетістіктердің қайнар көзіне айналады деп сенемін», – деді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Нұрбек Саясат.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Өз кезегінде Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев:

– Алматы қаласын дамыту бағдарламасының «Жол картасы» аясында 2025 жылдың соңына дейін 12 мың, 2030 жылдың соңына қарай тағы 20 мың төсек-орын құру жоспарлануда. Бұл жатақхана тапшылығы мәселесін толығымен шешуге мүмкіндік береді. Жатақхана құрылысы бойынша жұмысты тиімді үйлестіру үшін қала әкімдігі министрлікпен бірлесіп наурыз айында Жобалық кеңсін іске қосты. Бүгін «Нархоздың» жатақханасына ескерткіш тас қойылды. Алматы – білім мен мәдениеттің орталығы.

Біз қаладағы барлық студенттің барлық жағдаймен қамтылғанын қалаймыз. «Нархоз» бұл үдеден шыға алатынына сенімдімін», – деді.

Жаңа жатақхана жалпы ауданы 8661 шаршы метр болатын 3, 5 және 7 қабатты құрайды. Жаңа ғимарат жалпы саны 424 студентке пана болмақ. Екі-үш адам тұруға болатын 142 бөлмеде жеке ванна бөлмелері мен душ кабиналары бар. Құрылыс 2024 жылдың қараша айында аяқталады деп күтілуде. «Верный Капитал» компаниялар тобы қаржыландыратын жобаның құны 7 миллиард теңгеден асады.

БРИФИНГ

Жыл сайын 9 қазанда бүкіл әлемде пошта қызметкерлерінің мерекесі атап өтіледі. Біздің Алматы пошта үйіне 54 бөлімше кіреді, онда бүгінде жүздеген қызметкер еңбек етіп жүр. Пошташылар жыл сайын миллиондаған хат қабылдап, жөнелтеді және мыңдаған сәлемдемені өңдейді. Алматы поштасының директоры Алтын Садықова ӨКҚ алаңында өткен брифингте осы сала мамандарының тағы қандай істер атқаратыны туралы айтты.

«СӘЛЕМДЕМЕЛЕР СУПЕРМАРКЕТІ»

Алматы поштасында 30 жылда тағы қандай тың жаңалықтар енді?

Нұржамал
ӘЛШЕВА

«2015 жылдан бастап «Сәлемдемелер супермаркеті» жаңа қызметі енгізілді. Бұл өзіне-өзі қызмет көрсету режимінде пошта жөнелтілімдерін беру бөлімшесі. Өзіне-өзі қызмет көрсету принципі кезектерді алып тастауға және сәлемдемені алу уақытын қысқартуға мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта клиенттер пошта жөнелтілімдері туралы хабарламаны күтпеуіне болады. Егер клиенттің телефон нөмірі деректер базасында тіркелген болса, ұялы телефонға sms-хабарлама келеді», – деді Алтын Садықова.

Сонымен қатар, сол 2015 жылы «Почта-маттар» енгізілді. Бұл интернет-дүкендер мен каталогтарда тапсырыс берілген тауарларды беруге арналған автоматтандырылған терминалдар, олар кем дегенде 8 сағат-

тық жұмыс режимімен балама жеткізу қызметі ретінде жасалған.

«Сондай-ақ, корпоративтік интернет порталы бар «post.kz», бұл қызметтердің гипермаркеті. Порталда онлайн-режимінде пошта және қаржы қызметтерін пайдаланушылар үшін оның ыңғайлылығын арттыру бойынша жұмыстар үнемі жүргізілуде. Бұл жүйе банк карталарын байланыстыра отырып, жеке тұлғалар үшін интернет-банкінгі жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бөлімшелерде төлемдерді қабылдау бойынша терминалдар орнатылған», – деді спикер.

Спикердің айтуынша, кейінгі жылдардағы үрдіс дәстүрлі пошта көлемінің жыл сайынғы төмендеуін көрсетеді. Осылайша гибриді электрондық пошта (ГЭП) пайда болды. Бұл пайдаланушыларға электрондық түрде жекелеген кезеңдерде жіберілген хабарламалармен немесе құжаттармен алмасуға мүмкіндік беретін қызмет. Осы тенденцияларға жауап ретінде гибриді жөнелту қызметтері бастапқы кезеңде жөнелтімді электрондық пошта (хабарлама) нысанында ақпараттық жүйелерді, интернет-ресурстарды және басқа да электрондық тасымалдағыштарды пайдалану арқылы жіберу ұсынылады, бұл пошта бөлімшелерінің жұмыс режиміне қарамастан, пайдаланушыларға кеңседен шықпай-ақ, бөлімшелерге бармай-ақ хаттарды онлайн жіберуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, «Қазпошта» 150-ден астам елден жөнелтілімдерді қабылдайды және хаттар, сәлемдемелер алады. Бұл үлкен артықшылық дейді сала мамандары.

БАЙЫПТАМА

ИЗРАИЛЬ – ПАЛЕСТИНА:

7 қазан күнгі Хамастың Израильге күтпеген шабуылы әлемде тағы бір белсенді қақтығыс майданын ашты. Анығында, бұл майдан ұзақ уақыттан бері тұтанып, ауық-ауық жалындап жатқан болатын. Тұтқиыл шабуылдың ауқымы мен координацияланған сипатына қарағанда бұған ұзақ уақыт әрі тыңғылықты дайындалғаны байқалады. Әрине, соңғы уақытта Израильдің Иерусалим маңындағы және басып алынған Батыс Шериядағы агрессивті әрекеттері палестиналықтардың зығырданын қайнатып келген. Дегенмен, Хамас қарулы күштері Газа қабырғасын бірнеше жерден бұзып өтті, әрі ауқымды шабуыл маңызды тарихи датаға тураланды. Осыған қарап мәселенің астары тым тереңде жатқанын көреміз.



ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ ТАРИХИ ЖАҒЫРЫҚ

Жұртқа белгілі, 1973 жылы Мысыр мен Сирия дәл осылай Израильге күтпеген жерден басып кірген болатын. Дәл 6 қазан күні. Бұл кезде буыны беки қоймаған Израиль мемлекеті сақталып қалу мен жойылудың тарихи сынына түскен. Шам мен Мысыр жұрты болса өз кезінің ең озық қару-жарағымен жасақталған армиясын ұрысқа салды. Бұның бәрінде шартсыз супер-держава саналатын Кеңес Одағының қолдауына сүйенді. Әу баста еврей әскерін тықсыра қуып, шекарасын түре түскен. Бірақ тағы бір супер-держава АҚШ-тың қолдауына иек артқан Израиль есін тез жиып, шешуші шайқасты өз пайдасына шешіп кетті.

Өз уақытында бұл қысқа уақыттық соғыс үшінші жаһан соғысының басталуы деп те бағалана жаздаған. Себебі, ұрысқа түскен екі тарап жанжалдың соңына қарай қолдаушы

ірі державаларды соғысқа тартқысы келді. Қырғиқабақ соғысының ең бір сезімтал тұсында болған бұл оқиға шынында жаһандық жанжалдың білтесін жаға жаздаған. Алайда, Кеңес Одағы да, АҚШ та қауіпті бағалап, бойын аулақ ұстауға тырысты.

Хамастың кезекті шабуыл әрекеті міне осы тарихи оқиға тура 50 жыл 1 күн толғанда болды. Мүмкін, еврейлердің Йом Киппур мерекесі күні тағы да 6 қазанға тура келгенде екі тарихи оқиғаның датасы бірдей болар ма еді. Осылайша Таяу-Шығыста тарихи жаңғырық қауіпті қақтығыс майданын ашты. Қазір Израиль қатаң қарымта шабуылды жалғастырып жатыр. Екі тараптан қосқанда өлгендер саны мыңнан асты. Олардың арасында қарапайым адамдар, әскери емес азаматтар көбірек. Ғасыр бойы зорлық-зомбылық жалғасып келе жатқан өңірде шиеленіс жаңа бір деңгейде, әрі тым ауқымды күйде дамып бара жатыр.



САРАПТАМА

Әлемдік және дәстүрлі діндер съезі:

ЖАҒАНДЫҚ ДИАЛОГ АЛАҢЫ

(Басы 1-бетте)

2025 ЖЫЛЫ КЕЗЕКТІ VIII СЪЕЗД ӨТПЕК

Әлемдік және дәстүрлі діндер съезі бастауын 2003 жылдан алады. Әр 3 жыл сайын бас қала – Астанада жаһандық деңгейдегі мәселеде діннің рөлі талқыланады. 2025 жылы кезекті VIII съезд өтпек.

2003 жылғы алғашқы съезд Декларациясында дінаралық және өркениет арасындағы диалогтың маңызды екені айтылған. 2006 жылғы екінші съезде дінаралық диалог қағидалары бекітілді. Ұзын саны 9 диалог қағида-сы қабылданды. Ол бойынша діндер арасындағы диалог адалдыққа, төзімділікке, кішіпейілділікке және өзара құрметтеуге негізделуі тиіс. 2009 жылы өткен үшінші съезд әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыспен тұспа-тұс келді. Сондықтан басты тақырып дағдарысты еңсерудегі діннің рөлі болды. 2012 жылы «өркениеттер қақтығысы» тақырыбы қозғалды. Төртінші съезде діннің қақтығысты болдырмаудағы рөлі айтылды. Алтыншы съезде діни экстремизм мен терроризм басты тақырып болды. 2015 жылы діннің радикалдануы мәселесі терең талқыланды. Съездің басты тақырыбы «Бейбітшілік пен даму үшін диалог» деп бекітілді. 2018 жылғы жиында «өркениеттер қақтығысы» тақырыбын талқылау жалғасты.

Осылайша уақыт өте келе Әлемдік және дәстүрлі дін өкілдерінің съезі жаһандық диалог алаңына айналды. Диалог дау-жанжалдарды шешудің бейбіт жолы. Ол арқылы араздасушы тараптар бірін-бірі тыңдап, өзінің ғана емес, өзгенің не қалайтынын, қандай мәселе мазалап отырғанын түсінеді. Сөзсіз мұндай алаңдар қажет. Алайда, диалог алаңынан әлемде бейбітшілік орнап, бүкіл



текетірес жоқ болып кетеді деген утопиялық көзқарастан алшақпыз. Десе де, жақсылыққа ұмтылу қажет.

ӨЗГЕРІС ӘКЕЛГЕН ПАНДЕМИЯ

Съездің жұмысы мен оның нәтижесіне қатысты қоғамда сын айтылып келеді. Съездер мен форумдарға деген жағымсыз көзқарас та қалыптасқан. Шынында да, соңғы жылдары халықаралық шаралар тек жарнамалық сипатта өтіп келді. Алдағы кезге өзгеріс керек болды. Сол өзгеріске әлемде жайлаған пандемия әсер етті.

Өткен жылы Астанада VII съезд өткен болатын. Негізі 2021 жылы өту керек еді. Алайда, індет қауіп болғасын бір жылға кері шегерілді. Съезде әлемнің рухани көшбасшылары «Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің пандемиядан кейінгі кезеңдегі адамзаттың рухани және әлеуметтік дамуындағы рөлі» тақырыбында ой өрбітті. Шынын-

да да, коронавирус індетінен туындаған пандемия барша әлем халықтарына зардап келтірді. Сауда-экономикалық дағдарыс, денсаулық сақтау, білім беру және өзге де әлеуметтік салаға келтірілген залал сөзімізге дәлел болмақ.

Дегенмен, дағдарыс тек кері кету емес, алға жылжуға ынталандырады. Біздің жағдайда да солай болды. Мемлекеттік саяси идеологияда өзгеріс орын алды. Логика бойынша сегізінші Съезд 2025 жыл емес, 2024-те өтуі тиіс болатын. Алайда, өткен жылғы жиында 3 жылдық аралық санағын 2021-ден емес, 2022 жылдан бастады. Қалың көпшілікке арысы-берісі 1 жыл аса маңызды көрінбесе де, шындығында үлкен саяси мән жатыр. Бұл бізді кері шегеретін ескінің сарқыншағынан арылу әрекеті.

Екіншіден, алғаш рет Съездің 2023–2033 жылдарға арналған даму тұжырымдамасы қабылданбақ. VII съезде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев осындай бастама көтерген болатын. Әрине, қатардағы азаматқа жыл соңы ғой, осындай маңызды құжат неге кешігіп қабылданып жатыр деген сұрақ туындауы мүмкін. Десе де, ештен кеш жақсы. Маңызды істе асықпаған жөн. Себебі, алдағы онжылдықта Съезд осы стратегиямен жұмыс істемек. Бұған дейін оның жұмысында жүйесіздік болған. Енді бұл олқылықтың орны толмақ.

ХАТШЫЛЫҚ ҚАНДАЙ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАДЫ?

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезінің Хатшылығы Съездің жұмыс органы. Яғни Хатшылық Съезд отырыстарының арасындағы аралық қызметті қамтамасыз етеді. Оның басшысы лауазымын Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының Төрағасы атқарады.

Хатшылықтың мүшелеріне Съезге қатысатын әлемдік діндер лидерлерінің өкілдері, олардың ішінде ислам, христиан, иудаизм, буддизм, даосизм, синтоизм, индуизм, халықаралық ұйымдардың өкілдері жатады.

Хатшылық жыл сайын жиналып, Съездерде қабылданған шешімдерді жүзеге асыру, оның мәжілістерін дайындау, негізгі құжаттардың жобаларын келісу және конфессияаралық және өркениетаралық диалог мәселелері бойынша халықаралық құрылымдармен өзара іс-қимылды үйлестіру туралы мәселелерді қарастырады.

Биыл өтетін Хатшылықтың XXI отырысында алдыңғы Съезд қорытындысы бойынша пікір алмасу, сондай-ақ ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың VII Съезде бастамашылық жасаған «Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезінің 2023–2033 жылдарға арналған даму тұжырымдамасын» талқылау және қабылдау жоспарлануда.

Ресми мәлімет бойынша оған АҚШ, Ватикан, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Египет, Әзербайжан, Түркия, Пәкістан, Иран, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан, Израиль, Қытай, Моңғолия, Жапония, Үндістан, Ресей, Армения, Тайланд, БАӘ елдерінен ислам, христиан, буддизм, иудаизм, индуизм, даосизм, синтоизм сияқты әлемдік және дәстүрлі діндердің діни жетекшілері қатысады деп күтілуде.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.ҚАЙТА ТҰТАНҒАН ОТ
қақтығыс астарына үңілсек...ӨШПЕГЕН ӨШПЕНДІЛІК
ҚОЛАМТАСЫ

Хамас әрекеті ауқымды қақтығысқа жол ашты. Дегенмен, айыпты бір тарапқа тәуелдеу тағы орынсыз. Қанжардың қос жүзі сынды Израиль–Палестина мәселесінің де өткір екі жағы бар. Тұрасында, өткен ғасырдан бері жалғасып келе жатқан жанжал. Онда діни сенім алауыздығынан тартып кереғар мүдделердің қайшылығы, саяси ұстанымдардың текетіресі бір қазанда қайнап жатыр. Дегенмен, тікелей агрессияны оятқан соңғы кездегі жағдайларды бір шолып өтейік.

Қақтығыстың себеп-салдарын қазақтың «Өзі де шығайын деп тұрған көз еді» дейтін

тәмсіл сөзі дәл бейнелейді. Палестиналық қарулы топтар мен Израиль арасында қалай да бір сойқанның болары соңғы бірнеше айда өзінен өзі белгілі бола бастаған. Бірақ оның қашан бүрк ете қаларын ешкім тап басып айта алмайтын. Израиль тарабы оккупациялаған Иерусалим мен Иордания арасында жаз бойы кезектескен қарымта болып келді. Ұзақ уақыттан бері зорлық-зомбылық толастамаған бұл аймақты жергілікті жұрт «Батыс Шерия», сыртқары жұрт «Батыс жиек» деп те атайды. Жанжалдың толастамайтын себебі, Израиль үкіметі өзіне тиесілі санаған бұл аумақта бақылауын күшейтіп келеді. Тұрғындарды көптеп орналастырып, аумақты еврейлердің

елдімекендеріне айналдыруды көздейді. Палестиналықтар әрине бұған қарсы. Қарулы топтар көшіп келген еврейлерге де, әскери күштерге де толассыз шабуыл жасап жатқан.

Ал Тель-Авивтегі қазіргі үкімет басына оңшыл күштер келгеннен бері жағдай тіпті ушықты. Беньямин Нетаньяху билігі үкімет құрамындағы ашынған діншіл әрі ұлтшыл күштердің қолдауына сүйенген. Тіпті, Нетаньяхудың қайта билікке келуіне елдегі либералдар, демократиялық саяси топтар наразы болған, сол үшін ел ішінде саяси толқулар да болып еді. Оңшыл билік аталған даулы аймақты толықтай еврейлерге тән деп ашық ұстанымын аңғартқан. Қазіргі Израиль үкіметінің Палестинаға қатаң позициясы түбі қақтығысқа алып келетінін көптеген сарапшылар да болжаған еді.

Әрине, Израиль мен Палестина арасындағы ең нәзік мәселе – Иерусалим және әл-Акса мешіті. Тарихи сакральді мәнге ие бұл орталық еврей мен араб үшін ғана емес, тұтас

семиттік дін өкілдері үшін де қасиетті саналады. Израильдіктер де, палестиналықтар да оны өзіне тән деп есептейді. Еврейлердің бұл мешітте құлшылық етуі палестиналықтар үшін арандату әрекеті қатарында қабылданады. Израиль үкіметі жағдайды ушықтырмау үшін еврейлердің аталған ғибадат орнында құлшылық етуін шектеп келген. Соңғы кезде діншіл, ұлтшыл еврей азаматтары тарихи орында құлшылық етуге тырысып, батыл әрекеттер де жасады. Хамас ұйымы кезекті шабуылды бұған жауап ретінде жасағанын да мәлімдеді.

Бір сөзбен айтқанда, тереңге кеткен сенім қайшылығы мен ұлттаралық өшпенділік, қос тараптың жауаптасқан агрессиясы кезекті ауқымды қақтығысқа жол ашты.

БЕЙБІТШІЛІККЕ ТӨНГЕН ҚАТЕР

Израиль–Палестина қайшылығын шешу үшін ірі державалар мен көптеген халықаралық ұйымдар құлшыныс жасап келген. Әуелде өңірдегі мұсылмандар жағынан Израиль мемлекеті толықтай қабыл алынбаған болса, кейін Ясир Арафат тұсында Израильді мемлекет ретінде мойындай отырып, бейбітшілікке жету мәселесі талқыланды. Израиль мен қатар тәуелсіз Палестинаның болуы, осы арқылы толық бейбітшілік орнату үміті қазір тұманданып жоқ болғандай. Тіпті, кейбір елдер бұны іске аспайтын қиял қатарында санайды. Себебі, қазіргі Израиль мен Палестина жерлеріндегі толып жатқан территориялық даулар түйіні шиеленіп, шешіلمес түйіншекке айналып бара жатыр. Бұл жағдайды Израиль өзіне тиімді пайдаланып, барған сайын бақылау аумағын кеңейте түскен.

Хамастың әрекетінен кейін Израильдің оған қарсы жауабы күткеннен де қатаң болары болжануда. Бұл тіпті үлкен халықаралық дау-шарға ұласуы да мүмкін. Себебі, астары алты қабат оқиғаның бір ұшында тағы да ірі ойыншылар отырғаны сөзсіз. Кейбір бақылаушылар бұны Украинадан назарды бұрып әкетудің жолы десе, кейбір сарапшылар жана әлемдік тәртіп үшін бәсекенің жаңа бір майданы деп санайды. Қалай болса да, әлемде Израиль–Палестина дауында ортақ пікір-ұстаным жоқ. Осының өзі жаһандық бейбітшілікке төнген қатердің салмағын ескертеді.

Естай
БОЖАН,
сарапшы.ИЗРАИЛЬДЕГІ ҚАЗАҚСТАН
АЗАМАТТАРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ ҚАЛАЙ?

Бұл туралы ҚР Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі А.Смадияров брифинг барысында айтып берді.

«Үстіміздегі жылдың 7 қазанында Израильдегі әскери-саяси жағдайдың шиеленісуіне байланысты Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде жедел штаб құрылып, шетелдегі төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл алгоритмін дереу орындауға кірісті.

Сыртқы істер министрлігінде және Қазақстанның Тель-Авивтегі Елшілігінде Израиль аумағындағы ҚР азаматтары мен олардың еліміздегі туыстары үшін шұғыл байланыс жедел желісі ашылды. Осы екі күн ішінде отандастарымыздан 500-ден астам қоңырау мен сұрау келіп түсіп, оларға жауап берілді. Бүгінгі таңда Қазақстанның Израильдегі елшілігінің консулдық есебіне 77 азамат тіркелген (Елшілік қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерін қоса алғанда). Израильдің жоғары оқу орындарында Қазақстаннан 5 студент оқиды, сондай-ақ 30-ға жуық қазақстандық жергілікті түрлі медициналық мекемелерінде тағылымдамадан өтуде (барлығы 112 адам).

Тель-Авивтегі дипломаттарымыз Израильдегі Қазақстан азаматтарымен тұрақты байланыста және олармен өзара жедел іс-қимыл жасау мақсатында мессенджерде арнайы чат құрды. Қазіргі уақытта оған Израильде уақытша және тұрақты тұратын 200-ге жуық ҚР азаматы қосылған. Бұл чатта біздің отандастарымыз өздерінің орналасқан жері туралы хабарлап, дипломаттармен тікелей байланыс орнатты, ал дипломаттар өз кезегінде азаматтарымызға әртүрлі мәселелер бойынша кеңес беріп, тиісті консулдық-құқықтық көмек көрсетуде. Израильдегі барлық азаматымыз сабырлық сақтап, дипломаттарға қажетті ақпаратты ұсынуға барынша жәрдемдесіп жатыр және жергілікті билік органдарының барлық талаптары мен қауіпсіздік шараларын қатаң сақтап келеді.

Бүгінгі таңда бізге Израильде қаза болған, зардап шеккен және

кепілге алынған қазақстандықтар туралы ақпарат келіп түскен жоқ. Кейбір авиарейстердің тоқтатылуына және бірқатар авиатасымалдаушылардың Израильге рейстерді орындаудан бас тартуына байланысты Қазақстан Елшілігі «Эйр Астана» әуекомпаниясымен бірлесіп, Қазақстанға оралуға ниет білдірген азаматтардың тізімін қалыптастыру, сондай-ақ оларды одан әрі қауіпсіз жерге шығаруды ұйымдастыру бойынша пысықтау жұмыстарын жүргізуде. Осы уақытқа дейін Қазақстанға оралуға 118 азаматымыз ниет білдірді. Тель-Авивтегі Бен-Гурион атындағы Халықаралық әуежай өз жұмысын штаттық режимде жалғастырып жатқанын хабарлаймыз. Бұл ретте осы бір-екі күн ішінде Үкімет деңгейінде Тель-Авивке жіберілетін арнайы репатриациялық рейсті ұйымдастыру мәселесі пысықталып жатыр.

Қазақстанның Тель-Авивтегі Елшілігінің болжамы бойынша Израильде консулдық есепке тұрмаған 400-ден астам Қазақстан азаматы болуы мүмкін. Шетелдегі отандастарымыздың назарына, Қазақстанның шет мемлекеттердегі дипломатиялық мекемелерінде консулдық есепке тұру қажеттілігін тағы да еске саламыз. Бұл процедура ерікті түрде және тегін жасалады, сондай-ақ қашықтықтан жасауға да болады. Есепке тұру үшін консулға тиісті ақпаратты, яғни төлқұжаттың көшірмесін, байланыс деректерін және тұрғылықты мекенжайын жіберу қажет. Бұл ақпарат дипломаттарға төтенше жағдайларда біздің азаматтармен жедел байланыс орнатуды және қажетті көмек көрсетуді әлдеқайда жеңілдетеді».

ҚР CIM жедел желісі: +7 (7172) 72-05-00.

Қазақстанның Израильдегі Елшілігінің жедел желісі:

+972 55 273 38 13;

+972 (3) 741-78-05;

+7 700 111 31 96 (мессенджер).

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



АЗИАДА

ЖЕҢІМПАЗДАР ЕЛГЕ ОРАЛДЫ

Жалпы есеп бойынша 11-орынға тұрақтаған
Қазақстан құрамасының қоржынында
10 алтын, 22 күміс, 48 қола жүлде бар

ХІХ жазғы Азия ойындарының қатысушылары шаһарымызға оралды. Еліміздің намысын қорғаған спортшыларды Алматы әуежайынан жанкүйерлері үлкен қошемет көрсетіп, қарсы алды.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Ернұр
РЫСБАЙ

Жалпы есеп бойынша 11-орынға тұрақтаған Қазақстан құрамасының қоржынында 80 медаль бар. Оның ішіндегі 10-ы алтын, 22-сі күміс және 48-і қола жүлде.

Байрағымызды биікке көтерген шахматтан әйелдер құрамасы, тарихта алғаш рет жүлделі орынға ие болды. Басынан бастап рейтингте алғашқы үштікте болған спортшыларымыз, топтық жарыста қола жүлдені қанжылады. Қазақстан шахмат құрамасында алматылық Бибісара Асаубаева, Жансая Әбдімәлік, Динара Сәдуақасова, Меруерт Камалиденова және Алуа Нұрмановалар бар.

— Біз қола жүлдеге ие болдық. Дегенмен, нәтиже жаман емес, көңілім толады. Бұл Қазақстанның Азия ойындарындағы шахматтан алғашқы жүлдесі. Өз басым команданың мүшесі болғанымна қуаныштымын, — дейді Алуа Нұрманова.

Шахматшылар жекелеген турнирлерде жүлделі орын ала алмады. Ал топтық ойындарда Қытай мен Үндістанға есе жіберді. Соңғы шешуші ойында Өзбекстан командасын жеңіп, қола жүлдені еншіледі.

— Өте жақсы өнер көрсеттік. Себебі, Қытай, Үндістан сияқты алпауыт мемлекеттермен күресу әрдайым қиын болады. Үздік үштікте болатынбыз. Қытаймен болған ойында бізге сәттілік жетіспеді. Үндістанмен тең түстік, қалған мемлекеттерден басым болдық. Бізде әдетте әр спортшыға жеке ең үздік жаттықтырушылар болады. Шахмат Федерациясы спортшыларымызға спонсорлық көмек көрсетеді. Сонымен қатар, жылына төрт рет құраманы жинап оқу-жаттығу өткізіп тұрамыз, — дейді Қазақстан шахмат федерациясының атқарушы директоры Гүлмира Дәулетова.

— Бірнеше алаңдататын факторлар болды. Өкінішке қарай, үздік үштікке кіре алмадық. Мен күміс жүлдеге ие болған спортшыны жеңдім. Жеке турнирлердің нәтижесіне көңілім толмады. Ал командалық ойындарда бұдан да жақсы өнер көрсете алар едік, — деді Қазақстан шахматтан әйелдер құрамасының спортшысы Бибісара Асаубаева.

Айта кетейік, Қазақстан құрамасының сапында 524 спортшы бар. Олар жарыс бағдарламасындағы 40 спорт түрінің 30-ына қатысты. Спортшылар 305 медаль сарапқа салынған 44 дисциплина бойынша марапатқа таласты. Жалпы Азияда 61 дисциплина бойынша 481 медаль жиынтығы ойнатылды.

ВЕЛОЖАРЫС

GIRO D'ALMATY—2023

Додаға 200-ден астам велошабандоз қатысты

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Демалыс күндері бұқаралық спортты дамытып, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған веложарыс ұйымдастырылды. Екі кезеңнен тұратын жарысқа Алматы мен еліміздің басқа қалаларынан, сондай-ақ Бішкек, Омбы және Мәскеуден 200-ден астам әуесқойлар мен ардагер велоспортшылар қатысты.

Алғашқы жарыс сенбі күні таңертең Алатау ауданындағы Индустриалды аймағындағы сөре сызығынан басталды. 36 шақырым қашықтықты жүріп өтетін мәре сызығы болып «Алғабас» шағынауданындағы «Hyundai Trans Kazakhstan» автосалонының тұрағы белгіленді. Ал екінші күні Royal Tulip Almaty қонақүйінен бастау алған жарыс «Медеу» спорт кешенінің кіреберісі алдындағы алаңда аяқталды. Бұл күні велошабандоздар өрге қарай жүретін болғандықтан қашықтық 10 шақырымды құрады. Жеңімпаздар екінші күні анықталды.

Жарысқа 18 жастан асқан спортшылар жіберілді. 18–34 жастағы жасөспірімдер арасында Бекжан Балғабаев пен Хамида Стамбекова жеңіске жетті.

35–39 жас арасындағы жарыста омбылық Иван Горбачев және Любовь Ренева иеленді. 40–44 жас арасында Евгений Сладков пен Айгүл Джуланова жеңімпаз атанса, 45–49 жас арасындағы тартыста Вадим Ежаков пен Марина Астаховалар жеңіске жетті. Бұл жарыста Айгүл мен Маринаның айы оңынан туып, жеңімпаз атанды. Себебі, жарыс кезінде олардың жас санатындағы бәсекелестері болған жоқ, Жарыста 50 жас-



тан асқан әйелдер төбе көрсетпеді. Ал 50 мен 54 жас аралығындағы ерлер арасында Ярослав Сабырбаев мәреге бірінші жетті.

- 55–59 жас — Игорь Филин.
- 60–64 жас — Георгий Вьюшков.
- 65–69 жас — Алексей Абраменко.
- 70–74 жас — Анатолий Гонаго.

Ұйымдастырушылар, сондай-ақ, 75–79 жас санаты бойынша жарыс жариялаған. Бірақ жарыста өз күшін сынауға ниет білдірген егде жастағы велошабандоздар болмады.

Жарыс қорытындысында абсолютті есеп бойынша Иван Андреев пен Наталья Ким Giro d'Almaty 2023 жарыстарының чемпиондары атанды.

Біз марапаттау рәсімінен кейін жеңімпаздарды сөзге тарттық. Иван Андреев жарысқа Астанада келіпті. 38 жастағы жеңімпаздың мамандығы дәрігер — мануальді терапевт екен.

— Екінші кезеңдегі жеңіс маған кеше жоғалтқан екі секундды қайтарып,

жалты есепте резерв жасауға зор мүмкіндік берді. Мен өткен жылы да осы жарысқа қатысқанмын. Бірақ ол кезде жетінші орын алғанмын. Әуесқой ретінде жарыстарға қатысқанымна биыл үшінші жыл. Жас кезімде велоспортпен кәсіби түрде айналыстым, Қазақстан құрамасының қатысушысы болдым. Өз басым велоспортты — спорт түрі ғана деп емес, еркіндік, қоршаған ортамен байланысты сезіну деп түсінемін. Шетелдерде велосипедпен жүру күнделікті өмір салтына айналған. Велосипедті пайдалану арқылы біз қоршаған ортаның тазалығын сақтай аламыз. Жарыстың қиындығы сол, бұл жарысқа ең үздік деген велошабандоздар қатысады. Олармен иық тіресе қатар жүру оңай шаруа емес. Сондықтан мен бұл жарысқа бар құш-жігерімді жұмсап, тыңғылықты дайындалдым, — дейді астаналық спортшы.

40 жастағы Наталья Ким соңғы 3-4 жылдан бері велоспортпен белсенді түрде айналысады. Қосдөңгелекті көлікті серік еткен

спортшы қысты күндері де велосипедпен жүретінін айтады.

— Менің мамандығым аналитик. Таңғы 9.00-ден кешкі 18.00-ге дейін кеңседе отырамын. Велосипедпен кешке, кейде таңертең жүремін. 4 жыл бұрын көлігімді сатып, толығымен велосипедке ауысуды шештім. Жұмысқа жыл бойы, тіпті қыста да велосипедпен барамын. Көпшілік Қыста велосипедпен жүру қиын деп жатады. Бірақ мен бұл пікірмен келіспеймін. Иә, алғаш қар жауған кезде аздаған қиындықтар болатын шығар. Бірақ Алматының қысы жұмсақ қой, қар тез еріп кетеді. Жұмысшылар көшені ұдайы тазалап тұрады. Сондықтан мен үшін қыста да бұл көлікті пайдалануға болады, — дейді ол әңгіме барысында.

Жарысты ұйымдастырушылар велосипед тебуді жанына серік еткен әуесқой спортшыларды назардан тыс қалдырмады. Велошабандоздарды бірнеше номинация бойынша марапаттап, бағалы сыйлықтар табыстады.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



ЧЕМПИОНАТ

Елімізде бәйгеден ел чемпионаты аяқталды. Жыл сайынғы дәстүрге айналған бәйге түрлерінен ат жарыс биыл екінші рет өткізілді. 7 іріктеу турнирінен өткен жүйріктер финалда жарысып, Алатаудың баурайын тағы да тұлпарлар тұяғы дүбірге бөледі. Әр өңірде өткен бәйгеде жеңіске жеткен жүйріктер арасында финалдық бәйге жарысы өтті. Биылғы чемпионаттың басты ерекшелігі – қазақ бәйгесінің тарихында бұрын-соңды болмаған 35 шақырымдық Ұлы аламан бәйгенің болуы.



ТҰЛПАРЛАР ҚЫР ТӨСІНДЕ ДҮБІР ҚАҚСА...

Алматыда тұңғыш рет Ұлы аламан бәйге өтті



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Әуелі ардагер атбегі Сәбит Жанкөліков батасын беріп, Ұлы дала жорығы марафон-бәйгесінде 3-орын алған Алматы командасын марапаттау рәсімі өтті. Шабандоздар бәйгенің барлық 7 түрінен сынға түсті. Ұшқыр бәйге, құнан бәйге, Қазақстанда туған құнандар арасындағы бәйге, топ бәйге, жорға жарыс, аламан және Ұлы аламан бәйгеге қатысу үшін әр өңірден 160 сәйгүлік пен шабандоз жиналды. Шабандоздардың ең кішкентайы – 8 жаста болса, ең үлкені – 14 жаста.

Айтулы додадағы жүлде қоры да атбегі еңбегі мен ат теріне тұрарлық болды. Жеңімпаз сәйгүліктерге жеңіс жабуы жабылды. Ат жарыс елімізде туған құнандар арасындағы 1600 метрлік ұшқыр бәйгемен басталды. Бұл бәйгеде «Орасан зор» атты тұлпар бірінші болып келіп, 2 миллион 500 мың теңге сыйақы алды. Одан кейінгі 11 шақырымдық жарыста 30-ға жуық құнан арасынан Арнат Мұратханның «Зымыран» атты жүйрігі бәйге басынан көрінді.

Ат иесі, әрі бапкері Нұржігіт Табылдиеттің айтуынша, «Зымыран» – құнандар арасындағы фавориттердің бірі.

«Іріктеу турнирінің соңғы бәйгесін де ұтқанбыз. Бұл құнан былтыр Франциядан әкелінген. Екі жылдық құнанды осы чемпионатқа қыстан бастап дайындадық. Жеңістің артында үлкен команда тұр. Бапкері өзім болғанмен, шабандоздың, атбегілердің де еңбегі ерен. Ұлттық ат спорты, қазақ бәйгесі дами берсін!», – дейді атбегі.

Ұшқыр бәйге чемпионы – «Орасан» өзіміздің қолтума. Елімізде туыған таза қанды ағылшын тұқымы. Биылғы маусымның Шымкент қаласындағы бәйгесінде де ешкімге есе бермеген.

«Сол бәйгеде аяғынан сәл жарақат алып, сіңірі зақымданған еді. Одан кейін тағы бір бәйге ұтты. Жарақаты толық жазылмағандықтан, бәйгеге қатыстырмай, аяғын емдедік. Аяғы әлі де толық жазыла қойған жоқ. Дегенмен, бәйгеге жарап тұрғаннан кейін чемпионаттың бәйгесіне қосып көрдік. Егер аяғы сау



болса, болашақ фавориттердің бірі болады деп ойлаймын», – дейді ат иесі.

Бәйгенің ерекше түрі, ең қызығы әрі тартыстысы жорға мінген шабандоздардың арасында болды. Шабысы бөлек жорғалар бәйге жолына шыққанда атсүйер көрерменнің қолдауы тіпті ерекше сезілді. 9 шақырымдық жеңіске шығысқазақстандық Мақсат Мүслімұлы тізгіндеген «Банзай» атты жүйрік 30 тұлпардан бірінші келіп, жеңіс тұғырына көтерілді. Шығыс Қазақстанның намысын қолдан бермей, жорға жарыста 3 миллион теңге еншіледі.

«ЖҮЛДЫЗ-АЙДЫҢ» ЖҮЛДЫЗЫ ЖАНДЫ

Қазақстанда туған құнандар арасындағы 11 шақырымдық жарыс бәйге аттарының ерекше есімімен есте қалды. Солардың бірі – жеңімпаз жүйрік «Жұлдыз-ай». Бұл тұлпармен шапқан Арнат Мұратхан шабандоз 5 миллион теңге көлемінде ақшалай жүлде иеленді.

«Бәйге аттарының бабы ерекше болады. Мәреге бірінші жету – атқа ғана байланысты емес. Шабандоз бен бапкерге де байланысты болады. Атбегі ас-суын дұрыс қадағалап, шабандоз өзіне үйретуі керек. Жөкей мен тұлпар бір-бірін сезінуі керек. Бір ат тақымына жағды, екіншісі тақымына жақпайды. Сондықтан

бәйге барысында шабандоздың атпен байланысы өте маңызды. Тіпті, бәйгедегі нөмірі де маңызды рөл атқарады. Жеребе бойынша соңғы болса, ол аттың ұтуы қиынға соғады. Себебі, ол бәйгеде 1-2 секундын старттан-ақ жоғалтып алады. Ол басқа аттарға қарағанда сәл артық айналады», – дейді ат иесі.

БӨЛЕКСІҢ, «ТҰМАР»!

18 шақырымдық топ бәйге – ең тартысты дода болғаны сөзсіз. Үздіктер қатарында көпшілікке танымал «Тұмар» да бар. «Тұмармен» шапқан Алматы облысы, Тұрар ауылынан келген Абзал есімді шабандоз.

– Бәйге қиын болды. Бапкерім «бірінші атыңды терлетіп ал да, соңғы айналымға қарай алда келе жатқан аттың артына тақап отыра бер» деді. Бастапқы айналымдарда асықпай басын тартып, 3 айналым бойы терлетіп отырдым. Одан кейін бапкерім – Мұрат аға «топқа кіріп ал да, бір жылдамдықты ұстап отыр» деп нұсқау берді. Соңғы айналымға келгенде алдыңғы ат ұзап бара жатты. Ұзатпай, жетіп алдым да, мәреге қарай бұрылғанда тізгінді жіберемін. Бапкерімнің айтқандары құлаққап арқылы жақсы естіліп отырды. Мәреге 200 метр қалғанда қамшы ұрып, шаба бастадым. Атым топтың алдына шығып, бірінші келдім, – дейді топ бәйге жеңімпазы.

ШЫН ЖҮЙРІККЕ ЖАҢБЫР ДА КЕДЕРГІ БОЛМАДЫ

Көптен күткен 35 шақырымдық Ұлы аламан бәйге басталғанда атшабар алаңының атмосферасы ерекше күйге енді. Нағыз бәйге енді басталды. Қазақстандағы ең ауқымды Ұлы аламан бәйгеге қатысқан 54 тұлпар 35 шақырымды оңай еңсерді.

Сенбінің кеші жаңбырлы болғанын білесіздер. Сол уақытта Алматы ипподромында тұяғымен жер тарпыған сәйгүліктер аламан бәйгесінің ең шешуші жарысы өтіп жатқан еді. Мәреге жеткен шабандоздар ат белін талдырар ұзақ шақырымның, яғни 17 айналымның 9-ын жаңбыр астында шапты. Соңғы айналымға қарай жаңбыр тіпті күшейді. Мәреге дейінгі 100 метрдегі жаңбыр астындағы «Шағала» мен «Айсұаттын» тартысын сөзбен жеткізу мүмкін емес. Ат та, ат үстіндегі де мықтап сыналған тарихи бәйге болды.

Бәйге жолын алғаш болып кескен Алматының «Шағала» атты байталы 9 миллион теңгелік сыйақыға ие болды. «Шағала» бұған дейін 2 автокөлік ұтқан. Ұлы аламан бәйге – «Шағаланың» 3-бәйгесі.

«Шағаланы» тізгіндеген алматылық 13 жастағы Асланбектің жеңіске жеткендегі әсерін білу үшін жанына жақындағанда жылап тұрғанын байқадық. Ең қиын бәйгені ұтқандағы қуаныштан көзден жас шығуы заңдылық, әрине. Бірақ бәйге барысында Асланбек біраз қиындыққа тап болыпты. Ойламаған жерден тұлпары топтан алып қашқан.



Асланбек ӘБДІКАЛ, Ұлы аламан бәйге жеңімпазы:

– Бұдан бұрын да талай бәйгеге қатысып жүрмін. Бірақ бұл бәйгенің жөні бөлек болды. Атымды бірінші терлетіп алып, ақырындап демалтып, шауып отырдым. Артыма аттар қатарласқаннан кейін өзі де топтан алып қашты. Басың қатты тартпай, тізгінді ақырындап жібердім. 4-5 айналым бойы топтың ортасында шауып келе жаттым. Кенет «Шағала» топтан суырылып шығып, тізгінге көнбей кетті. Соңғы айналымда тағы да сөйтті. Жаңбыр кедергі болған жоқ. Қайта көмегі болды деп ойлаймын. Тұлпарым жаңбырды жақсы көреді. Бұл жеңіске жаңбырдың да әсері тиді.

Барлық бәйгеде шабандоздардың құлағында бапкерімен байланысатын арнайы құлаққап болды. Ол арқылы бапкерінің нұсқаулығы бойынша шабады. Шабандоздар бәйге барысында аттарға ғана қатысты емес, жөкейлер жағынан да қиындықтар болғанын жасырмады.

Мәселен, жеңімпаздардың бірін бәйге кезінде бір уақытта 2 жөкей қатар келіп, ортаға алып қысып тастаған. Өкпесі қысылса, аттың жылдамдықты азайтатынын жақсы білетін бапкерлері әдейі істеп тұрған болу керек. Себебі, оның аты – бәйге фавориттерінің бірі. Кім білсін?! Бәйгеде мұндай қастандықтардың болып тұратыны рас қой. Бірақ шын жүйрікке жаңбыр да, кейбіреулердің лас әрекеті де кедергі болған жоқ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қанат КӨПБАЕВ,
Бәйге федерациясының президенті:

КОШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫНА ДАЙЫНДЫҚ

Қазақтың асы мен тойы бәйгесіз өтпеген. Қазір де солай. Федерация басшылығына келгеніме алты ай болды. Осы аралықта бірнеше бәйге өтті. 7 өңірде іріктеу туры өтіп, бүгін сол іріктеуден өткендер арасында финал – Бәйге чемпионаты ұйымдастырылды. Бәйгенің барлық түрін қоса алғанда жалпы 160 ат, 160 шабандоз қатысты. Чемпионаттарда қашықтық өзгермейді. Одан кейін арнайы күнтізбе бар. Бәйге аттарын дайындайтын атбегілер үшін бұл күнтізбенің маңызы зор. Қай айда қай жерде бәйге өтетінін күні бұрын білуі керек. Қазақы бәйгелер тоғыз ай бойы республиканың жер-жерінде өтеді. Жыл сайын наурыздың аяғында басталады да, желтоқсан айына дейін бәйге ұйымдастырылады.

Бәйгенің іріктеу турнирлерінде атқа да, шабандозға да қатаң талаптар қойылды. Шабандозда сактандыру құжаты болуы керек. Шабандоздар 8–14 жас аралығындағы балалар. Олар ата-анасының рұқсатымен ғана қатыса алады. Ал аттар міндетті түрде Қазақстанда туылуы керек және қазақстандық құжаты болуға тиіс. Елімізде бәйге дамып келе жатыр. Келер жылы бұдан да жоғары деңгейге көтеріледі. Мақсатымыз – дүниежүзілік деңгейге көтеру.

Биылғы чемпионаттың басты ерекшелігі – бұрын болмаған Ұлы аламан бәйге болды. Биыл бірінші рет ұйымдастырылды. Ат жарысының бұл түріне ең көп ат қатысады. Республиканың түкпір-түкпірінен 55 аттың иесі қатысуға ниет білдірді. Финалда 54 ат жарысты. Бұған дейін чемпионаттар арасында Ұлы аламан бәйге ұйымдастырылып, мұндай қомақты сыйақы берілмеген. Бәйге түрлерінен ең ұзақ шақырым – 25 километр болатын аламан бәйге болса, Ұлы аламан бәйге 35 километрлік ең ұзақ қашықтықтағы бәйге болмақ. Әрине, 25 шақырым да қысқа қашықтық емес. Біріншісіне тек кәсіби аттар ғана қатысса, 35 километрлікке кез келген бәйге атының қатысуына мүмкіндік бердік. Ең көп қатысушы Алматы, Жамбыл, Жетісу облыстарынан қатысты.

Тастанбек ЕСЕНТАЕВ,
Ұлттық спорт қауымдастығының вице-президенті:

ДОПИНГ БАҚЫЛАУ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ

Ұлттық спорт қауымдастығында 9 федерация бар. Солардың бірі – Бәйге федерациясы биыл 7 іріктеу жарысын өткізді. Мықтының мықтысы анықталып, Қазақстанның чемпиондарын анықтайтын ең маңызды бәйге болып есептеледі. Ұлттық спортқа да, соның ішінде бәйгеге де қан жүгірді деп айтуға болады. Біздің бәйгенің деңгейі әлемдік деңгейге жете қойған жоқ. Дегенмен, біздің мақсат – Қазақстан чемпионатын жоғары деңгейде өткізіп, келесі жылы өтетін Дүниежүзілік көшпенділер ойынына жақсы дайындықпен қатысу. Ең жүйрік аттар бүгін анықталды. Келесі жылы бәйгенің 7 түрінен көшпенділер ойыны болады. Сол 7 түрінің әрқайсысынан 3 аттан анықтауымыз керек. Бүгінгі чемпионаттың мақсаты да сол болды. Бәйге аттарының бәрі жүйрік болғандықтан, бәсеке мықты болды. Чемпионаттың өзінің ережесі бар.

Допинг бақылау – қазақ бәйгесі үшін өте ауыр тақырып. Аттың ДНК-сын анықтау үшін Батыс Қазақстан облысындағы университетте үлкен зертхана ашылды. Допингті анықтайтын зертханалар бар. Бірақ оның ішінде әлемдік, халықаралық сертификат болу керек. Ол бізде әлі жоқ. Осы бағытта жұмыс жүріп жатыр.



ТАЗАЛЫҚ

ҚҰРМЕТКЕ
ЛАЙЫҚ
ЕҢБЕКҚұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алып шаһар Алма-
тының айнадай
жарқырап, мұнтаз-
дай тап-таза болып
тұрғанына не жетсін,
шіркін! Қарап отыр-
саңыз, қала тазалы-
ғы үшін аз тер төгіліп
жатқан жоқ.

Біз күн сайын қала көшелері-
нен қолына сыпырғы, күрек ұста-
ған тазалық жанашырларын кө-
реміз. Олар шақырайған күнде
шаң-тозаңға қарамайды, шытына-
ған аяздың суығын елемей жұмыс
істейді.

Бүгінде Алматы көшелерін та-
залауға 10 коммуналдық мекеме
бойынша 1200-ден астам жұмыс-
шы тартылған. Біз таза әрі жайлы
шаһарда тұру үшін тазалық жұ-
мысшылары ауа райының қолай-
сыздығына қарамастан көшені сы-
пырып, тазартады, жуады.

Олардың көмегімен күн сайын
магистральдық және аудандық ма-
нызы бар көшелер мен қоғамдық
орындар тазаланады. Жұмысшы-
лар аялдамаларды жуып, арыққа,
қоқыс жәшігінің жанына, орын-
дықтың астына тасталған қоқыс-
тарды жинайды.

Ендеше, қарбалас қала
тіршілігі мен асығыс кезде біздің
жайлылығымыз үшін еңбек етіп
жүрген қызғылт-сары жилет киген
жандардың еңбегін бағалайық.
Өйткені, олардың жұмысы құр-
метке лайық!

БРИФИНГ

ТАБИҒИ ГАЗ: ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

Өрттің негізгі себебі аталды

Айнабай
МӘДИ

Өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингте
табиғи газды қауіпсіз пайдалану жайында кеңінен мәлім
етілді. Брифингке «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Алматы
өндірістік филиалы директорының бірінші орынбасары
Талғат Бурамбаев, «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Алматы
өндірістік филиалы өндірістік-техникалық басқармасы
бастығының орынбасары Ғалым Бекен, «ҚазТрансГаз-
Аймақ» АҚ Алматы өндірістік филиалының өндірістік-
техникалық бөлімінің бастығы Ділдібек Күлтіміров,
Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті
мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы
Данияр Жүсіпов қатысып, тілшілер сауалына жауап
қайтарды.




«Өрттің негізгі себептері – электр
сымы мен электр жабдықтарының қыс-
қа тұйықталуы, пештердің дұрыс жұ-
мыс істемеуі мен отпен абайсызда жұ-
мыс істеу. Төтенше жағдай көбіне
тұрғындардың өрт қауіпсіздігі ережесін
елемеуге (электр қондырғысын орнату
ережесі өрескел бұзылудан соңғы жа-
салған электр жабдығын пайдалану,
жылыту пешін уақытылы тазалау,
жөндеу) байланысты болады», – деп
хабарлады Данияр Жүсіпов.

Жүз пайыз дайындық

«2023-2024 жылғы күзгі-қысқы маусымнан ойдағыдай өту және
тұтынушыларды сапалы газбен қамтамасыз етуге 10 жөндеу, 7 ава-
риялық бригада жұмылдырылды. Жөндеу бригадалары қажетті мате-
риал, құрылғы, арнайы құралдар мен техникамен толық құрамда жаб-
дықталған. Бүгінде күз-қыс маусымына дайындық жөніндегі
жоспарланған жұмыс 100 пайызға аяқталды», – деп мәлімдеді Т.Бұ-
рамбаев.

Брифингке қатысқан «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Алматы өндірістік
филиалының өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы Ділдібек Күлтімі-
ровтің айтуынша, табиғи газ бен көміртегі тотығы ағып кеткен кезде газ
беруді тоқтататын газ дабылын орнату ұсынылады. Газ жабдығының дұ-
рыс жұмыс істемеуі, түтін мұржасы мен вентканалды уақытылы тексер-
меу және оларға қызмет көрсету түтін мұржасында тартудың болмауына
байланысты көміртегі тотығымен улануға соқтыруы мүмкін.

«Газды қыздыратын құрылғыға өз бетінше қандай да бір өзгеріс
енгізу, жылыту газ аспабын пайдалану – аса қауіпті. Жабық терезеде
пешті пайдалануға, газ аспабы орнатылған үй-жайда ұйықтауға, дема-



луга болмайды. Газдың ағып кетуіне күдік туындаған жағдайда газ қыз-
метіне «104» нөміріне қоңырау шалу қажет. Сондай-ақ, пәтерде газ иісі
болған кезде барлық газ қранды дереу жауып, үй-жайды тексеріп, ашық
отты пайдаланбау, электр құралдарын қоспау қажет», – деген «ҚазТ-
рансГазАймақ» АҚ Алматы өндірістік филиалы өндірістік-техникалық
бөлімі басшысының орынбасары Ғалым Бекен табиғи газды пайдалану
жөнінде ұсынысын да білдірді.

КЕРЕК ДЕРЕК

• Шаһардың бас өрт сөндірушісінің мәліметінше, жыл ба-
сынан бері Алматы қаласының аумағында 442 өрт тіркеліп, 41
адам зардап шекті, 117 адам құтқарылды, қауіпті аймақтардан
520 адам эвакуацияланды.

• 2 млрд теңгеге жуық мүлік құтқарылды. Өрттердің негізгі
саны тұрғын үй секторына тиесілі – 213 жағдай немесе 48%.

• Өрт оқиғаларының салдарынан 32 адам түрлі дәрежеде
жарақат алды.

• Барлығы 153 мыңнан астам жеке тұрғын үй есепке алын-
ды.

Газ аспаптарын пайдалану кезінде қауіпсіздік шарасын
сақтау – жылыту пеші мен газ аспабының жанында жиназ бен
басқа да жанатын затты орналастырмау қажет. Электр плита-
сы, үтік, электр шәйнегін жанбайтын тұғырларға орнатып,
пеш құрылымындағы жарық пен чиіпті сылап, мұржаны күй-
йеден тазалау керек. Жанып тұрған едендегі әрбір пештің от
жағу есігінің алдында өлшемі кемінде 50х70 см болатын от
алдында темір парак төселуі тиіс.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

САМОКАТ – ОЙЫНШЫҚ ЕМЕС

Полиция қызметі жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауға шақырады

Қазір самокаттың көмегімен
дiттеген жеріне тез жетуді
көздейтіндердің қатары көп.
Оған көзіміз де, өзіміз де
үйрендік. Алайда, оны ойын-
шық, ермек ретінде қабылдай-
тындар бар.

Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

Электр самокатына қатысты заң күшіне
енгелі бір айда Алматыда 700-ден астам
адам жауапқа тартылды. Оның бір бөлігіне
айыппұл салса, жартысына ескерту беріл-
ген.

Естеріңізде болса, самокатты пайдалану
үшін өзгерген заң 30 тамызда күшіне енген.
Бұл туралы құзырлы органның өзі де, бұқа-
ралық ақпарат құралдары да жарыса жазды.
Бірақ көпшілік бұл заңнан әлі де бейхабар
сияқты. Сол себепті де, оны сақтап жатқан
жоқ. Күні кеше жол сақшылары самокат пай-
даланушыларға арнап арнайы рейд жүргізді.
Сала мамандарының айтуынша, шара бары-
сында полицияны көре тұра, ережені өрескел
бұзғандар аз болмаған. Оларға бірден шара
қолданып, хаттама толтырылған.

Жылдамдықты бекітілген межеден асыр-
ғандар да, кәмелет жасына толмағандар да
анықталды. Жаяулар арасында «желмен»
жарысқандар бірден айыппұл арқалады. Ал
18-ге толмағандардың ата-анасы шақыры-
лып, жауапкершілікке тартылды.

Жалпы, заң бойынша электрқозғалтқы-
шымен жабдықталған және максималды
конструктивті жылдамдығы сағатына елу
километрден аспайтын көлік құралы мопед-
терге тең. Оларды тек 16 жастан бастап пай-
далануға болады. Велосипедшілер сияқты,



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

электр самокаттардың иелері де 50 см-ден
артық шыққан жолаушылар мен жүктерді
тасымалдауға тыйым салынады. Жаяу
жүргіншілер өткелі арқылы жолды кесіп өту
үшін тоқтап, түсіп, жолдан жаяу өту керек
деген сияқты белгіленген тәртібі де бар. Заң-
ға сәйкес, самокатпен жүк тасымалдауға
болмайды. Екі адам мінуге де тыйым салын-
ған.

– Жеке құрам, полк қызметкерлері, учас-
келік инспекторлар, ювеналдық полицейлер,
мамандандырылған батальон іс-шараны
әрқашан жүргізеді. Бұл жұмыс тоқтамай-

ды, – деді Полиция департаменті жергілікті
полиция басқармасының бастығы Ержан
Ұзабаев.

Бүгінде Алматыда 50 мыңнан астам мо-
пед пен самокат бар. Альтернативті көлік-
тердің саны артқан сайын жол-көлік оқиға-
лары да көбейіп барады. Мәселен,
самокаттарға қатысты заң күшіне енгелі
Алматыда 1 айда 700-ден астам адам жауап-
қа тартылып, 350 мың теңгеге жуық айыппұл
салынған. Жалпы, биыл самокаттардың қа-
тысуымен 25 ЖКО тіркелген.

Алматы қалалық Полиция департа-
та-

ментінің бастығы Арыстанғани Заппаров
электрлі көліктерге байланысты ҚР Ішкі іс-
тер министрлігі бірқатар шаралар қабылда-
ғанын айтып отыр. Атап айтқанда, бұл
көліктерді пайдалану жас шектеулері белгі-
ленген, қорғаныс құралдарын міндетті түр-
де пайдалануға және жолаушыларды тасы-
малдауға да арнайы талаптар қойылған.
Оның айтуынша, бүгінде осындай талаптар-
дың арқасында жағдай біршама тұрақтал-
ған. Дегенмен, қайғылы оқиғалар әлі де
орын алуда. Мәселен, жақында самокат ай-
дауға туысы рұқсат берген 13 жасар бала
қайтыс болды. Қалаға жаңадан келген жа-
сөспірім мегаполистегі көлік қозғалысына
бейімделмеген. Салдарынан бала жүк
көлігінің астында көз жұмды.

Полиция басшысы мопедтердің жұмы-
сына байланысты сыни жағдайға да назар
аударды. Биыл мопедтердің қатысуымен
292 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, нәтижесінде
14 адам қаза болса, былтыр екі адам көз жұм-
ды.

– Жоғарыда келтірілген статистика
алаңдаушылық тудырады. Самокаттар мен
мопедтерді пайдаланушылар – жол қозғалы-
сына қатысушылардың осал санаттарының
бірі. Егер көлікте қауіпсіздік белдігі немесе
қауіпсіздік жастығы болса, екі доңғалақты
көліктердің жүргізушілері мен жолаушыла-
рында қауіпсіздік қорғаулар жоқ. Сондық-
тан олардың қауіпсіздігі үшін толық жауап-
кершілікті сезінуі қажет: қылмысқа немқұ-
райлық танытпаңыз, балаңызды қорға-
ңыз, өз үлгіңізбен заңға құрметпен қарауды
үйретіңіз, – деді Арыстанғани Заппаров.



ҚАРТТАР АЙЛЫҒЫ

ҚҰРМЕТ ПЕН ҚАМҚОРЛЫҚ

«Сенім» орталығында салтанатты іс-шара өтті

«Сенім» қарттарға арналған демалыс орталығында Қарттар айлығы аясында мерекелік іс-шара өтті. Арнайы бағдарлама әзірленіп, мерекелік көңіл күй сыйлаған салтанатты басқосуға танымал шоу-бизнес өкілдері мен Орталықтың белсенді мүшелері қатысты.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Мерекелік іс-шарада қариялар арнайы шақырылған қонақтардың тәлімді әңгімелерін тыңдап, эстрада жұлдыздарының қатысуымен өткен мерекелік концертті тамашалады. Өз кезегінде орталық мүшелері дөңгелене би билеп, Шәмшінің әндерін бірігіп орындады.

– «Сенім» орталығы, бұл – «Qazaq stroy» құрылыс компаниясының қайырымдылық қор ретінде ашқан мекемесі. Мұнда негізінен, қарттарға қамқорлық көрсетіледі. Мақсатымыз – үлкен кісілерді күнде өзгеріп жатқан жаңа заманға қарай бейімдеу, олардың бос уақытын тиімді өткізуге баулу. Біз аудандарға бөлінбейміз. Мұнда барлық қарттарды қабылдай береміз. Орталықтың жұмысын үйлестіріп, қарттармен тығыз байланыста жұмыс істеп жатқан Гүлжан Болатбекқызына және компания қызметкерлеріне алғыс айтамыз. «Атаңа не істесең, алдыңа сол келеді» деген қазақтың қарапайым ғана ғибратты сөзі бар. Осы тұрғыдан қарағанда, компания үлкен сауапты іс атқарып жатыр деп ойлаймын. Біз бұл бір ғана орталықпен шектеліп қалғымыз келмейді. Алдағы уақытта Алматының барлық 8 ауданынан зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі жандар үшін осындай арнайы орталықтар ашуды жоспарлап жүрміз. Бүгінде орталыққа келетін қарияларымыздың қатары көбейген. Өйткені, мұнда зейнеткерлер үшін барлық жағдай жасалған, – дейді салтанатты іс-шараны ұйымдастырушы Нұрдаулет Советхан.

Орталық 2023 жылдың наурыз айында ашылған. Бүгінде оның 270-тен астам мүшесі бар. Қайырымдылық мақсатында ашылған орталық аға буынға белсенді және салауатты өмір салтын сақтауға көмектесуді көздейді.

Мұнда келушілерге барлық жағдай жасалған. Бос уақытында зейнеткерлер үйірмелерге қатысып, бір-бірімен әңгімелеседі. Қатысушыларға арналған түрлі үйірмелер қарастырылған. Мұнда зейнеткерлер фитнес пен йогамен айналысып, шахмат пен үстел теннисін ойнайды. Компьютер мен әлеуметтік желіні қолдану тетіктерін үйренеді. Актерлік шеберлікпен қоса, хорда ән сала алады. Көп адамдар зейнетке шыққан соң не істерін білмей үйде отырып, денсаулығы сыр бере бастайды. Ал орталыққа келушілер салауатты өмір салтын ұстанып, ары қарай білімдерін дамыта бермек.

Тағы бір айта кететін жайт, қариялар таңертең орталыққа келген бойда алып шаһардың тыныс-тіршілігінен хабар беретін Алматының қос басылымымен қауышады. Мұндай қуанышты оларға Алматы қалалық мәслихатының депутаты, «Qazaq stoy properties» ЖШС директоры Болат Ибрагимұлы сыйлап отыр. Себебі, халық қалаулысы биыл орталыққа келетін қарияларға арнап «Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттерін демеушілікпен бір жылға жаздыртып берді. Бұл – жомарт жүрек азаматтың алматылық аға буын өкілдеріне деген құрметі екені анық.

Ернұр РЫСБАЙ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлжан НҰРТАЕВА,
«Сенім» орталығының басшысы:

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖОБА

Біздегі үйірмелердің барлығы қаламыздың аға буын өкілдері үшін тегін қызмет көрсетеді. Орталықта қариялар денсаулықтарын күтіп, спортпен шұғылданады, білімдерін жетілдіріп, заманауи технологияларды меңгереді. Сондай-ақ, бізде қарттар үшін би үйірмелері, актерлік шеберлікке баулитын арнайы сабақтар өткізіледі. Бос уақыттарын тиімді өткізгісі келетін қарттарымызға есігіміз әрдайым ашық дүйсенбі мен жұма күндері ашық. Орталық сағат 10.00-ден кешкі сағат 17.00-ге дейін жұмыс істейді. Сонымен қатар, бізде түрлі салтанатты іс-шаралар жиі ұйымдастырылады. Мақсатымыз – қарттарға қамқорлық таныту, оларды бағалау һәм құрметтеу. Сол себепті де, біз олардың уақыттарын пайдалы өткізуіне көмектесу парызымыз деп есептейміз.

Қарлығаш ИСАБЕКОВА,
«Qazaq stroy» құрылыс компаниясының пиар-директоры:

ҚАРИЯЛАРҒА ТЕГІН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

Зейнет жасына шыққан жандардың көбі ескерусіз қалып, ортадан шеттетіліп қалатыны жасырын емес. Өзіңіз білесіз, жұмыссыз, үйде отырған адам күйзеліске түсіп, түрлі ауруға шалдығуға бейім болады. Біздің компания зейнет жасындағы адамдарға арнап осындай орталық ашты. Міне, мына 800 шаршы метр аумақты алып жатқан 2 қабаттан тұратын ғимаратта «Сенім» орталығы қарияларға тегін қызмет көрсетеді. Бүгінде қариялар тарапынан үлкен сұранысқа ие деп айтуға болады. Себебі, мұнда келушілердің қатары күн санап өсіп келеді. Байқасақ, орталыққа келетін қариялардың өмірге деген құлшынысы ерекше. Біз соған қуанамыз!

Болат ИБРАГИМҰЛЫ,
«Qazaq stoy properties» ЖШС директоры:

АРНАЙЫ 100 ГАЗЕТ ЖАЗДЫРЫП ҚОЙДЫҚ

Сүйікті қаламыз Алматының дамуына қолымыздан келгенше өз үлесімізді қосып келеміз. Кәсіпкерлік саласында еңбек етіп, халықты жұмыспен қамтып, көпшілікке қолымыздан келгенше көмектесіп жатырмыз. Әр үйдің төрінде отыратын қазыналы қарттарымыз аман болсын! Қарияларымыз Алматының бас газеті саналатын қос басылымнан жаңалықтарды оқи жүрсін деп орталыққа арнайы 100 газет жаздырып қойдық. Бұл біздің қарияларға деген құрметіміздің бір белгісі. Бұдан былай жаңалықтар жаршысы бола білген басылымдарды орталық мүшелері үзбей оқитын болады, – дейді

Зәуреш БЕРДЕШОВА,
«Сенім» орталығының мүшесі:

БОС УАҚЫТЫМЫЗ БОЛМАЙДЫ

Бүгінгінің қарттарына қарапайым қарым-қатынас, жай ғана бір-бірімізбен әңгімелесу жетіспейді. «Сенім» орталығы сол олқылықтың орнын толтыруға таптырмас орын деп айтуға әбден болады. Осы Орталықты ашқан қайырымды жандар басқаратын компанияға мың алғыс. Мұнда біз өзіміз қатарлас құрбыларымызбен, замандастарымызбен әңгіме-дүкен құрамыз. Мұнда түрлі үйірмелерге қатысамыз. Мен өзім құрақ құраймын. Сол білгенімді қасымдағы үйренгісі келген адамдарға үйретіп жүрмін. Бос уақытымыз жоқ.



БРИФИНГ

Алматыда 2025 жылға дейін жыл сайын кемінде 10 мың жасты жұмысқа орналастыру жоспарлануда. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы басшысының міндетін уақытша атқарушы Әзиз Қажденбек айтты.

ЖҰРМЕ БОС!

NEET-жастарға қандай іс-шаралар көзделген?

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Спикердің мәліметінше, Алматы қаласында 14–35 жас аралығындағы 682 мыңнан астам жас (тұрғындардың жалпы санының 32%-ы) тұрады, оның ішінде 421,6 мыңы – жұмыс істейтін жастар, 277 мыңы – ЖОО мен колледж студенттері (150 мыңға жуығы тіркелмеген), 81 мыңға жуығы – жоғары сынып оқушылары, 47,8 мыңы – NEET-жастар (7,4%).

Әзиз Қажденбек олардың ведомствосы үш нақты бағыт бойынша жұмыс жүргізіп жатқанын хабарлады. Бұл – оқыту және жұмысқа орналастыру, арнайы инфрақұрылым құру, сондай-ақ NEET-жастарын (жұмыс істемейтін, оқымайтын, не ешбір іспен айналыспайтын) мәдени, спорттық, танымдық іс-шараларға тарту.

Біріншіден, Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын іске асыру шеңберінде әзірленген «жастардың дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруы үшін тең мүмкіндіктер жасау» Жол картасына сәйкес жыл сайын кемінде 10 мың жасты оқыту және жұмысқа орналастыру көзделген.

«Біз жоғары оқу орындарын, колледждерді және ірі компанияларды тарта отырып, жаңа кешенді тәсілді қолдандық. ХедХантер.kz, ОЛХ.kz, Найми.kz платформа деректерін талдау негізінде өзекті мамандықтар бойынша қысқа мерзімді 30 оқыту курсы іске қосылды (сату жөніндегі менеджер, мобилограф, SMM-менеджер, графикалық дизайнер, таргетолог, гид, курьер және т.б.). «Бір терезе» қағидаты бойынша қысқа мерзімді оқыту орталығын құру жастарға бюрократиялық сатылардан өтуді жеңілдетті және жұмысқа орналасқандардың үлесін арттыруға мүмкіндік берді», – деді Ә.Қажденбек.

МАМАН ПІКІРІ

Әзиз ҚАЖДЕНБЕК,
Алматы қаласы Жастар саясаты
басқармасы басшысының міндетін
уақытша атқарушы:

– Ақпан айында біз қалалық Мансап орталығын аштық. Егер бұрын мансап орталықтары әр оқу орнында бөлек жұмыс істесе, қазір олар біріктірілген, ол бір алаңда жұмыс берушілермен, жұмыспен қамту орталықтарымен және басқа құрылымдармен іс-әрекетті үйлестіруге мүмкіндік береді. Жыл басынан бері қала аудандарында 26 мың адамды, оның ішінде NEET-жастарды қамтыған мансап күндері өткізілді.

Бұл іс-шаралар қаладағы NEET-жастардың үлесін 2023 жылдың I жартыжылдығында 8,3%-дан (53,8 мың) 7,4%-ға (47,8 мың) дейін төмендетуге мүмкіндік берді. Ал биыл жыл соңына қарай 6,5%-ға дейін, 2025 жылдың соңына қарай 5,2%-ға дейін және 2030 жылдың соңына қарай 4%-ға дейін қысқарту жоспарланып отыр.

Жыл басынан бері 6,3 мың адам оқытылды, оның ішінде 4,2 мың адам жұмысқа орналасып, тағылымдамдан өтуде, ал 2,1 мың әлі де жұмыс іздеуде. Тағы 1 мыңға жуық адам жұмысқа қабылданады деп күтілуде. Биылғы қазан айының екінші онкүндігінде өзекті мамандықтар бойынша қосымша 10 курс іске қосылды, ол шамамен 3 мыңнан астам жасты қамтымақ.

Жеке бастамалар аясында ШОБ субъектілері 20,8 мыңнан астам жасты, оның ішінде NEET-жастарын жұмысқа орналастырды. Сондай-ақ, кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба іске асырылуда, 6,5 мың жас жұмысқа орналастырылды, оның ішінде NEET жастары да бар. Сонымен қатар, «Жасыл ел» жобасы аясында 2,1 мың жас жұмысқа орналастырылды. Осылайша жыл басынан бері NEET-жастарын қосқанда барлығы 27,4 мың жас жұмыспен қамтылды.

Сондай-ақ, қалада бос уақытты пайдалы қамтамасыз етуге, қосымша дағдыларды қалыптастыруға, кәсіптік бағдарлауға және жастарда тәуелділіктің алдын алуға бағытталған 100 бос уақыт өткізу орталығы жұмыс істейді, бұл жеке әлеуетті қалыптастыру мен одан ары дамытуға мүмкіндік береді. 2023 жылы 100 бос уақыт өткізу орталықтарының 34-ін жаңғырту жоспарлануда. Бүгінгі күні жұмыстар басталды, оларды биылғы желтоқсан айында аяқтау жоспарлануда.



ТАХАУИ АХТАНОВ – 100

ШЫРАҒЫ СӨНБЕЙТІН ЖАЗУШЫ

Көрнекті қаламгер Тахауи Ахтановтың туғанына – 100 жыл

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Тахауи Ахтанов 1923 жылы Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Шетырғыз ауылында өмірге келді. 1940 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінде оқуға түсіп, 2-курс оқып жүргенінде өзі сұранып, майданға аттанған. Бастапқы әдеби-көркем дүниелерін майдан өтінде жүріп жазып, баспасөз беттерінде жариялады. Соғыстан соң, 1948 жылдан бастап әдеби өмірге етене араласты.

Айнабай
МӘДИ

Тахауи Ахтанов 1963 жылы жазған «Дала сыры» атты повесін толықтырып, өңдеп, 1966 жылы «Боран» романын жарыққа шығарды. Романға сол жылы республикамыздың Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығы берілді. Романға ауылдас-замандастарының күнделікті тыныс-тіршілігі тақырып етіп алынған. Оқиға небәрі төрт күндік мерзімде өтеді. Шығармада Қоспан шопан... алдында отар қойы... сол ақ түтекпен айдалада арпалысады. Аумақ басшысы Қасболат сол уақыт аралығында дүлей боранды өзінше бақылауға алған...

Тахауи «Көркем әдебиет» баспасында редактор, бөлім меңгерушісі, киностудияда сценарий бөлімінің бастығы болды. «Әдебиет және искусство» («Жұлдыз») журна-

лында редактор, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, Көркемөнер бас басқармасының бастығы, Республикалық кітап палатасының директоры тәрізді жауапты қызметтер атқарды. Баспасөз бетінде «Күй аңыз» әңгімелері жарияланды. Тахауи «Алғашқы ән», «Қызғаныш», «Жоғалған дос», «Алыстан жеткен сарын», «Көкқұтан» атты керемет әңгіме-повестері бар.

1956 жылы «Қаһарлы күндер» деген атпен романы жарыққа шықты. Жазушы «Қаһарлы күндер», «Шырағың сөнбесін» шығармалары (романдар) арқылы соғыстың қайғы-қасіретіне қоса, қарапайым адамдардың қажыр-қайратын айрықша көрсетті. Бұл көркем шығармалар – соғысқа дейінгі ауыл адамдарының өмірі мен ашаршылық тәрізді ел-жұрттың басына төнген нәубет шақтарды қылышынан қан тамып тұрған тоталитарлық кезеңнің өзінде-ақ шынайы суреттеп, ғасыр-

лар бойғы сақталған ұлттық құндылықтарды дәріптеген туындылар.

1968 жылы жазылған «Сәуле», кейіннен жарық көрген «Боран», «Ант», «Әке мен бала» драмалары қазақ сахнасының өміршең туындыларына айналғаны анық. «Махаббат мұңы», «Күтпеген кездесу» драмалары, «Арыстанның сыбағасы», «Күшік күйеу» комедиялары ондаған тілге аударылып, төрткүл дүниенің талай сахнасында қойылды.

Т.Ахтанов орыс жазушылары Алексей Толстойдың 3 томдық «Азапты сапарда» романын (трилогия), Максим Горькийдің әңгімелерін, Александр Пушкиннің «Алтын әтеш туралы ертегісін», Семен Бабаевскийдің «Алтын жұлдызды жігіт», «Жер үстіндегі нұр» романдарын қазақ тіліне аударды.

Қазақтың қабырғалы қаламгерінің ең соңғы шығармасы – «Шырағың сөнбесін» романы. Жазушы бұл шығармасына Екінші дүниежүзілік соғыс басталған 1941 жылдың жазы мен 1943 жылдың күзіне дейінгі кезеңді қамтыған. Шығарманың бас кейіпкері Нәзира. Ол – кеңестік армияның офицері Қасымбектің келіншегі. Шығарма арқауының өзі қазақ қызы, қазақ әйелі Нәзираның тағдыры, бастан кешкен өмір өткелегі.

Көркем сөздің шебері, академик Зейнолла Қабдолов «Тахауи Ахтанов кім?» деген сауалға, мен: «Қаһарлы күндер», «Боран» мен «Шырағың сөнбесін» дер едім» деп, қазақтың қайсар тұлғалы қаламгеріне жоғары баға берген. Міне, біз де Зекеңнен асыра айттар жөніміз жоқ.

Қан майданда қар жастанып, мұз кешкен жігерлі жазушы жайында қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы Шерияздан Елеукунов: «Қазақ халқының дарынды ұлдарының бірі, кешегі қан майданда замандастырымен бірге қазақтың жауынгерлік рухын көтерген, сол ерлікті қарымды қаламының күшімен ақ қағазға айғақтаған, әдебиетіміздің тарихына айтарлықтай із қалдырған Т.Ахтанов есімі

елімізге, алыс-жақын шет жұртқа көптеп әйгілі» деп жазды.

Тахауи Ахтанов шығармашылығымен отандастырмыз кеңінен таныс. Оның шығармалары кезінде мектептің әдебиет оқулықтарына енді. Мәселен, «Боран», «Шырағың сөнбесін» шығармаларының әрбір эпизоды есте десек, артық айтпаспыз. «Шырағың сөнбесін» романында кеңес армиясының офицері қазақ жігіті Қасымбектің келіншегі Нәзираның бастан кешкен оқиғаларын демімізді ішімізге тартып оқығанымыз жадымызда.

Бір айта кетеріміз, өзі де қаһарлы күндерді бастан кешкен майдангер-жазушының қаһармандығына қайран қалмасқа шараң жоқ. Бірде-бір кеңес жазушысы Тахауи тәрізді сол соғыс тақырыбында орыс қызының «оғаш әрекетін» жазған емес. Неміс армиясының офицерінен бала тапқан орыс қызының сәбиіне деген аналық мейірімін шын мәнінде шеберлікпен жазды. Мұндай оқыс жағдаят болғанымен, бұл тақырып ол кезде жабық тақырып болатын. Тахауи сондай бағытқа да барды. Ерлік демей көрініз.

Ахтанов шығармалары ғылыми тақырыпқа да арқау болды. Филология ғылымының докторы, М.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің профессоры Сәмен Құлбарак 1994 жылы ҚР ҰҒА М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының диссертациялық кеңесінде «Т.Ахтановтың драматургиясы» тақырыбында кандидаттық, 2006 жылы Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің диссертациялық кеңесінде «Т.Ахтановтың жазушылық шеберлігі (прозасы бойынша)» тақырыбында докторлық диссертация (ғылыми кеңесші – академик Р.Нұрғали) қорғады.

Көрнекті қаламгер Тахауи Ахтанов ІІ дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, екі рет «Қызыл Жұлдыз», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған. Қаламгерге Қазақстанның Халық жазушысы атағы берілген.

МЕМЛЕКЕТТІК ТАПСЫРЫС

Әлеуметтік жобаларды, оның ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс желісі бойынша іске асырылатын жобаларды іске асыру сапасы мен тиімділігі ерекше мәнге және өзектілікке ие. Бұл маңыздылық алынған әлеуметтік нәтижелерді талдау, жобаларды іске асырудың сапасы мен тиімділігі, бенефициарлар мен стейкхолдерлердің қанағаттану дәрежесі мен деңгейі ҰЕҰ мен әлеуметтік жобаларды қаржыландыратын мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын жетілдіру үшін айқындалушы болатын әртүрлі талаптар мен шарттармен айқындалады.

Осыған байланысты ҰЕҰ қызметінің нәтижелерін мониторингілеу және бағалау, әсіресе МЖМС шеңберінде әлеуметтік жобаларды қалыптастыру, іске асыру мониторингі және нәтижелерін бағалау жөніндегі нормативтік талаптар контекстінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарты әлеуметтік жобаларды іске асыратын ұйымдар үшін пайдалы емес, перспективада тиімсіз жобалардың тәуекелдерін барынша азайту үшін қажет болады. Сондықтан жоба бойынша қызметті, процестерді және жобаның мақсатты аудитория мәселелеріне әсерін жедел қадағалау, практикалық шараларды уақытылы түзету, әлеуметтік жобаның тиімділігіне тікелей мүдделі әртүрлі тараптардың әрекеттері мен күш-жігерін нақтылау бүкіл жобалық қызмет үшін өзекті болып отыр.

Бірақ бұл саладағы жұмыс тәжірибесі жобалық қызметтің өнімділігі мен тиімділігіне оң және теріс әсер ететін факторлардың болуын көрсетеді.

Жобалардың нәтижелеріне қол жеткізуге оң әсер ететін факторларға мыналар жатады:

– Тапсырыс берушінің мониторинг нәти-

желеріне қызығушылығының, сондай-ақ әлеуметтік жобаларды іске асыру сапасын арттыру мақсатында қызметтерді жеткізуге жедел ықпал ету мүмкіндіктерінің болуы;

– халықаралық бағалаушымен келісілген және ҚР Қоғамдық даму министрлігінің МКҚК бекіткен мониторинг жүргізу әдістемесінің болуы;

– мониторингтік топ мүшелері құрамының жеткілікті жоғары біліктілік деңгейі;

– мониторинг жүргізу тұжырымдамасы мен жоспарының болуы;

– жобалардың іске асырылу барысын бақылау бойынша жүйелі жұмыс, жобалардың іске асырылу барысын түзету, жобалардың техникалық ерекшеліктерінің және Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың мемлекеттік стандартының барлық талаптарының орын-

далуын қамтамасыз ету мақсатында қызмет көрсетушілермен жедел өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігі;

– толыққанды жұмыс үшін қаржылық мүмкіндіктердің болуы.

Жобалардың нәтижелеріне қол жеткізуге теріс әсер ететін факторларға мыналар жатады:

– жекелеген қызмет көрсетушілердің мониторинг мәні мен мәнін түсінбеуі;

– жекелеген жеткізушілердің мониторинг нәтижелеріне қызығушылығының болмауы;

– жекелеген жобаларды іске асырудың күнтізбелік мерзімдерін сақтамау;

– жеткізушілердің басым көпшілігінде жобаны іске асырудың ішкі мониторингінің болмауы;



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР

сапалы жүзеге асуы тиіс

– жобаны іске асырудың үш еселенген сапалық индикаторлары, құралдардың толық жиынтығының болмауы және жобаның сапалық нәтижелерін қадағалау үшін ақпарат алу тәсілі;

– жекелеген жеткізушілерде жобаны іске асырудың егжей-тегжейлі жоспарларының іс-шараларды өткізудің нақты күндері мен орындарының, бенефициарлардың қамтылуы мен құрамының, іс-шараларды өткізуге жауапты адамдардың тегінің болмауы бөлігінде техникалық ерекшеліктерге сәйкес келмеуі;

– өткізілетін іс-шаралардың мазмұнын, қатысушыларын және әртүрлі пікірлерін растайтын есептік құжаттарды (тізімдер, хаттамалар, пікірлер, кері байланыс сауалнамалары, pre post test, консультациялар журналдары және т.б.) сапалы толтырмау;

– Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартының талаптарын толық сақтамау;

– өткізілетін іс-шаралар, өткізілетін іс-шаралардың күнтізбелік мерзімдеріндегі өзгерістер туралы Тапсырыс берушінің уақытылы ақпараты;

– техникалық ерекшеліктердің жекелеген талаптарын Тапсырыс берушімен келісудің рәсімдік мерзімдерін сақтамау.

Әрине, айтылған факторлар ерекше және ерекше емес. Сондықтан егер осы мақаланың оқырмандарында Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде әлеуметтік жобаларды іске асыру сапасына әсер ететін факторлар туралы өз пікірлері болса, онда біз сіздермен кез келген форматта танысу мүмкіндігі үшін өте қуанышта болар едік.

Александр БРАТЕНКОВ,
Алматы қаласы «Қоғамдық даму басқармасы» мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде жобалардың іске асырылу барысының мониторингі» жобасының жетекшісі.



ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет.

2024 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatauaqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503 Жеке жазылушылар үшін

6433,44 теңге

95503

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін

4033,44 теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайты немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша Post.kz қызметі арқылы жүзеге асырылады.



«ҮЗДІК ПЕДАГОГ – 2023»



Үміткерлер үмітті ақтайды

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі мұғалім мамандығының мәртебесін көтеру және шығармашылық белсенділігін арттыру мақсатында кәсіби қызметінде жоғары жетістіктерге қол жеткізіп жүрген педагогтардың қатысуымен жыл сайын «Үздік педагог» республикалық байқауын өткізіп келеді.

Биылғы жылы Алмалы ауданы білім беру ұйымдарының арасында республикалық «Үздік педагог» байқауына қатысып, бағын сынамаққа ниет еткен үміткерлер қатары қалың болды. Байқауға біздің ауданнан 17 үміткер қатысты. Ау-

дандық кезеңде 100 балдың 80 пайызынан жоғары ұпай жинаған Б.Атыханұлы атындағы №36 гимназияның орыс тілі пәнінің мұғалімі Салтанат Төлебаева, №24 лицейдің математика пәнінің мұғалімі Бақытжамал Лаханова, №147 гимназияның көркем еңбек пәнінің мұғалімі Гүлнәз Токабаева қалалық кезеңге жолдама алып отыр.

Жеңімпаздарды Алмалы ауданы білім бөлімінің басшысы Зоя Қойшыбасова дипломдармен марапаттап, Алмалы аудандық «Ұстаз» кәсіподағының төрайымы Раушан Оразалиева бағалы сыйлықтарды табыс етті. Қалалық кезеңге өткен ұстаздарымыз биік белестерді бағындырады деген сенімдеміз.

Роза МӘКЕЖАНОВА,
№147 гимназия директоры.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Жол қайта ашылды



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Медеу ауданына қарасты Қажымұқан көшесіндегі көлік жолдарының реконструкциялау бойынша жөндеу жұмыстарын жүргізгеннен кейін қайта ашылды.

«Алматы жылу желілері» ЖШС мамандарының хабарлауынша, жөндеу жұмыстары барысында асфальт төселіп, жылу камераларына 17 люк орнатылған.

Естеріңізге сала кетейік, жылу желілерін қайта құру жұмыстары 12 маусымнан бастап «НСП-2 ЮРКК» сорғы станциясынан Қажымұқан көшесінің бойында Достық даңғылына дейін жүргізілді. Тұтынушылар уақытша ыстық сумен жабдықтаудан жаңа құбырға ауыстырылды. Бұл жылу трассасы 1978 жылы пайдалануға берілді және өзінің нормативтік мерзімінде – 25 жылдан астам жұмыс істеді. Оны пайдалану кезінде осы учаскеде тіркелген 32 екпін жойылды.

Реконструкция кезінде диаметрі 400–600 мм 617 метр құбыр ауыстырылды, оны 40 жылға дейін пайдалануға болады. Жүргізіліп жатқан жұмыстар ресурсты қалпына келтіруге және оның физикалық тозуына байланысты қолданыстағы қалалық жылу магистралінің жұмысын жақсартуға, сонымен қатар, қысқы кезеңде штаттан тыс

жағдайдың қаупін азайтуға мүмкіндік береді. Реконструкция арқылы жинақталған үнемдеу жылына 913,72 Гкал, бұл жыл сайынғы зақымдануды 10 есе азайтуға мүмкін.

Бұған қоса, реконструкция тұрғындарды жоғарыда аталған көшелердің аумағында орналасқан 86 көппәтерлі үйді, 4 балабақшаны, 14 денсаулық сақтау нысанын және 15 басқа да әлеуметтік нысанды сапалы жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Биыл Алматы қаласы бойынша жылу желілерінің 59,2%-ға тозған, 2023 жылы жүргізіліп жатқан шаралар оны 0,6%-ға азайтуға мүмкіндік береді.

Тұтынушылар уақытша ыстық сумен жабдықтаудан жаңа құбырға ауыстырылды. Айта кетейік, жүргізіліп жатқан реконструкция қаланың осы ауданында орналасқан 86 көппәтерлі үйді, 4 балабақшаны, 14 денсаулық сақтау нысанын және 15 басқа нысанды тұрғындарын жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жүргізілетін жұмыстардың мерзімі жоба бойынша бастапқыда 2023 жылғы 12 маусымнан 12 қазанға дейін белгіленді және «Мемсараптама» РМК қорытындысымен бекітілді.

Сонымен қатар, Ескараев көшесіндегі жұмыстар жалғасуда. Аталған учаскедегі реконструкциялау жобасы екі жылға 2023-2024 жылдарға есептелген. Осы учаскеде жүргізіліп жатқан жұмыстар қазіргі жылыту маусымында тұтынушыларды жылумен жабдықтауға әсер етпейді және келесі жылы жұмыс көлемін қысқарту үшін жалғасады.

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2023 жылғы 4 желтоқсан, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, кеңсе, 1., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).

Лоттар саны – 918 дана.

Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, кеңсе, 1 немесе land@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2023 жылдың 4 қараша, сағат 18.00-ге дейін.

Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық.

Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 90 10 телефоны бойынша алуға болады.



Бас директор –

Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:

тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –

Абдухалил ЖАЛИЛОВ

тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық

жөніндегі орынбасары –

Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

тел.: 293-04-28.

Бас редактор –

Төрехан ДАНИЯР

тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –

Серік ЖҰМАБАЕВ

тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат

бөлімінің редакторы –

Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің

редакторы –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және

тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық бөлімінің

редакторы –

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –

Куаныш ДЮСКАЛИЕВ

тел: 293-08-12.

e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және

тарату бөлімінің менеджері –

Әсел ТАШИБАЕВА

e-mail: dalemesh@vecher.kz

тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:

Мұрат ӘУЕЗОВ,

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,

Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 8 777 699 07 42 телефондары арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Alatau Aqparat» ЖШС.

alatauaqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Апталық

таралымы – 18 663

Кезекші редактор –

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының

Ақпарат және қоғамдық даму

министрлігінің

Ақпарат комитетінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№КЗ80VР00026040

куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына

редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші

жауап береді.

Автордың мақалалары редакция

көзқарасын білдірмейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де

басылды. 050044, Алматы

қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.

Тел.: 273-50-53

Офсеттік басылым,

көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.



КИНОКЕҢІСТІК

ОТАНДЫҚ ҮШ ФИЛЬМ

«Азиялық Оскар» сыйлығынан үмітті



Қазақстандық үш фильм «Азиялық Оскар» деп аталатын, іргесі 2007 жылы қаланған аса беделді Asia Pacific Screen Awards сыйлығының тізіміне енді. Бұл туралы Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының баспасөз қызметі хабарлады.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

«ҚАШ» фильмі Asian Pacific Screen Awards сыйлығының бірден екі номинациясына ұсынылған – «Үздік фильм» және «Үздік операторлық жұмыс». Басты номинацияда ол Жапониядан, Қытайдан және Грузиядан келген картиналармен таласқа түседі, олардың арасында биылғы Венеция кинофестивалінде қазылар алқасының арнайы жүлдесінің иегері атанған Рюсукэ Хамагутидің «Зұлымдық жоқ» атты туындысы да бар.

Айта кетейік, Айсултан Сейітовтің бұл картинасы бұған дейін 25-ші Шанхай кинофестивалінде «Үздік режиссер» аталымына ие болған еді. Сондай-ақ, Қазақстан киносыншылар қауымдастығының «Үздік дебют», «Екінші пландағы үздік әйел рөлі», «Үздік музыка» және «Үздік фоторежиссер» номинацияларында жеңіске жеткен.

«Қаш» қазақ даласындағы 30-жылдардағы ашаршылық

кезіндегі халықтың қиын тағдыры туралы баяндайды. Қабір қазушы Исатай өз ауылын құтқару үшін басын бәйгеге тігіп, жолға шығады. Бірақ жолда оған кезбе адам кездесіп, оны адастырады.

«АҒАЙЫНДЫ» фильмін Максим Акбаровтың Golden Man Media компаниясы шығарған. Былтырғы қыркүйекте фильм Германиядағы Oldenburg International Film Festival фестивалінде «Кино рухы» сыйлығын жеңіп алған болатын. Ал биылғы сәуірде Қазақстан киносыншылар қауымдастығы Дархан Төлеген



новтің бұл картинасын 2022 жылдың «Үздік драмасы» деп таныды. Сонымен қатар, «Ағайынды» – Италия, Ресей, Өзбекстан, Қытай, Испания және Болгариядағы халықаралық кинофестивальдерде 10 марапатқа ие болып, мәртебесі биіктеген.

Картина кейіпкері Ақжол – балалар үйінен жаңа шыққан түлек, ол әкесінің тірі екендігіне сенімді және оны іздеп табуға кіріседі. Уақыт өте келе мүлдем басқа әлеуметтік топтан шыққан туған бауыры бар екендігін біледі. Әкені енді екеулеп іздеуге көшеді...

«БАУЫРЫНА САЛУ» фильмі сәби кезінен әжесіне тән болып өскен, үлкен кісінің тәрбиесінде болған Ерсултан есімді баланың оқиғасын баяндайды. Ол әжесі қайтыс болған соң ата-анасының үйіне көшеді. Бала мен ата-ана арасындағы шиеленіс қалындай түседі...

Асхат Кучинчиреков түсірген бұл картинаның тұсауы жақында ғана Испанияның Сан-Себастьян қаласында өткен беделді кинофестивальде кесіліп, онда «Жаңа режиссерлер» бағдарламасында көрсетілген болатын.

Шетелге бет бұрып тұрған отандық үш картина да режиссерлердің дебюттік жұмыстары. Ал «Ағайынды» мен «Бауырына салу» картиналары Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының көмегімен түсірілген.

Марапаттау рәсімі биылғы 3 қарашада Аустралияның Голд-Кост қаласында өтеді. «Азиялық Оскар» марапаты Азия-Тынық мұхиты аймағындағы 70-тен астам ел мен аймақ режиссерлерінің жұмысын көрсетеді.

БРИФИНГ

АЛАТАУҒА
АҚЖАЙЫҚТАН СӘЛЕМ!

Қонақжай қаламызға өнерпаздар келді

Алматыда Батыс Қазақстан облыстық камералық оркестрінің гастролі өтеді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте өнер ұжымының директоры Салтанат Әбілғазиева айтты.

Оркестр Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрінің концерт залында «Алатауға Ақжайықтан сәлем!» деген атпен өнер көрсетеді.

«Біздің оркестр әйгілі музыкант, скрипкашы Марат Бисенғалиевтің бастамасымен құрылды және 2011 жылға дейін «Марат Бисенғалиевтің филармониялық оркестрі» деп аталды. Біздің оркестр 10 жыл ішінде айтарлықтай жетістіктерге жетті. Сахнада біздің жерлестеріміз, яғни ҚР еңбек сіңірген қайраткері Дина Хамзина және халықаралық байқаулардың лауреаты Фархат Көбеев те өнер көрсетеді», – дейді С.Әбілғазиева.

Оркестрдің репертуары негізінен барокко кезеңінің классикалық шығармаларынан тұрады. Дегенмен, оркестр ұжымы әртүрлі жанрлармен тәжірибе жасап жүр: концертте көрермендер дәстүрлі фольклорлық музыканы да, заманауи композицияларды да тыңдай алады.



«Біздің ұжым Орал қаласының артистерінен, көпшілігі жергілікті музыка колледжінің түлектерінен тұрады. Репертуарға келетін болсақ, негізінен классикалық, академиялық музыканы насихаттаймыз. Сонымен қатар, біз коллаборация жасаймыз, түрлі аспаптарды, ұлттық, заманауи эстрадалық аспаптарды қосамыз, осылайша камералық оркестріміз жаңаша сипатқа ие болады», – деді Батыс Қазақстан облыстық камералық оркестрінің көркемдік жетекшісі Асхат Хасанов.

Спикерлер мұндай гастрольдік турлардың жаңа серпін мен тыныс беретінін, сондай-ақ музыканттардың кәсіби шеберлігін арттыратынын атап өтті. Оркестр халықаралық сахналарда өнер көрсету және қазақстандық музыканы шетелдік аудиторияға таныстыруды да көздеп отыр.

Айта кету керек, оркестрдің гастрольдік туры бізден соң Астанада жалғасады.

Нұр ЖАМАЛ.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН!



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

